

Коммуналдық ақы халықтың қалтасына салмақ салмауы тиіс



3-БЕТ

«Таза Шымкент» - көпшілік қапауы



5-БЕТ

Қара нотариус



8-БЕТ



• СЪЕЗД МІНДЕТТЕРІ

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazer@mail.ru

№34 (3713)
1 қараша 2024



газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МАҚСАТТЫ МЕКТЕП ЖОБАСЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРЕ МЕ?



«Мақсатты мектеп» жобасы – Қазақстанда білім беру саласын дамыту және жетілдіру мақсатында жүзеге асырылып жатқан ауқымды бастамалардың бірі. Бұл жоба білім беру сапасын арттыру және мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында қолға алынды. Сонымен қатар, «Мақсатты мектеп» жобасы елдің 2025 жылға дейінгі даму жоспарына сәйкес әзірленген «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының бір бөлігі.

(Соңы 3-бетте)

(Соңы 4-бетте)

• БЕЗБЕН

ЖЕР СІЛКІНІСІН ДӘЛ БОЛЖАҒАН ЕШКІМ ЖОҚ

Еліміздің төтенше жағдайлар саласына қатысты қоғамда наразылық көп. Әсіресе, Алматыдағы жер сілкінісі бұл қызметтегі көптеген олқылықтың бетін ашып, жұртшылықтың орынды ренішін тудырды. Қала тұрғындары кеш берілген ескертпе салдарынан әуре-сарсаңға түсіп, түрлі психологиялық, физиологиялық жарақат алды.

Парламент Мәжілісінде палатаның Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің ұйымдастыруымен өткен отырысқа арнайы келген Төтенше жағдайлар министрі Жәніс Арыновтың айтуынша, мұның барлығы қызметтің жүйесіздігінен орын алды. Оларда нақты тәжірибеден гөрі, теория көп. Бүгінде құзырлы орын халықты төтенше жағдайдан қорғау үшін нақты шаралар кешенін қабылдап, жүзеге асырып жатыр екен.

Жалпы, қызметтің жүйесіздігі төтенше жағдайда мәселеге жедел ден қоюға кері әсерін тигізді. Осыған байланысты дара басшылық қағидатына

негізделген «вертикальды басқару билігін» құру шешімі қабылданды. Өңірлердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік департаменттері, өрт сөндіру қызметтері және жедел-құтқару жасақтары Төтенше жағдайлар департаментіне біріктірілмек. Бұл төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мәселелерін кешенді және жедел шешуге мүмкіндік береді.

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Төтенше жағдайлардың алдын алу комитеті құрылды. Судағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға жедел ден қою үшін алғаш рет «Теңіз жасағы» және төтенше

жағдайлар аймақтарында гуманитарлық жүктерді қорғайтын «Айбат» бөлімшесі жұмыс істейді. Министрлік аппаратында төтенше жағдайларды болжау, модельдеу және талдау үшін заманауи цифрлық жүйелермен жабдықталған Командалық орталық құрылды. Ол Жедел штабтың функцияларын жүзеге асырумен қатар, елдегі жедел жағдайды басқарып, қажет болғанда қосымша күштер мен құралдарды ұлғайтады.

Алматы, Орал, Өскемен және Қостанай қалаларында қауіпсіздікті нығайту үшін ТЖМ әскери бөлімдері есебінен құтқару батальондары жасақталды, бұл төтенше жағдайды жедел жоюға және қаржылық шығысты қысқартуға мүмкіндік береді. Өртке қарсы қызмет комитетіне қадағалау функциясы қайтарылды, бұл қауіп-қатерлерге жедел ден қоюға және еліміздегі өрт қауіпсіздігін біртіндеп жақсартуға жол ашады. Басты назар

табиғаттағы тұтану ошағын ерте анықтауға және өрттің алдын алуға аударылды. Мәселен, орман қорын тәулік бойы бақылау үшін Командалық орталықта «Орман» және «Табиғат» бейнебақылау жүйесі қосылды. Сонымен бірге найзағай қауіпі мен термалды нүктелер туралы мәліметтер талданды. Ал өрт анықталғанда оны сөндіру үшін жедел шешім қабылданды. Өңірлерде министрліктің бөлімшелері дрондар арқылы аэровизуалды барлау жүргізеді.

Сондай-ақ биыл дрондар сел жағдайын бақылау кезінде де кеңінен қолданылды. Олардың көмегімен Алматы облысы мен Алматы қаласында Қазселденқорғау бөлімшелері 6 аса қауіпті мұздақ көлдерді босатты, сол арқылы қауіп жойылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері қайта қаралды. Бірінші кезекте халықты хабарландыру және жер сілкінісі кезіндегі іс-әрекеттерді оқыту жүйесі пысықталды. Келешекте сейсмологиялық станциялар желісі жаңғыртылып, кеңейтілмек.

Алматыда министрліктің жедел мақсаттағы «Алатау» оңтүстік базасы құрылды. Оның аумағында жойқын жер сілкінісі болған жағдайда зардап шеккендерге арналған шатырлы қала орналастырылады, бұл алаң дайын екен.

(Соңы 2-бетте)

• БЕЗБЕН

ЖЕР СІЛКІНІСІН ДӘЛ БОЛЖАҒАН ЕШКІМ ЖОҚ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ гуманитарлық көмекті қабылдау пункттері және басқа да құрылысқа қажетті қосымша материалдар болады.

Министрлік бөлімшелерінің материалдық-техникалық жарақтандыру тәсілдері қайта қаралып, өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі жақсартылды. Енді оның салмағы жеңілді, бұл құтқару жұмыстарын орындауға ыңғайлы. Сапасы жоғарылап, сыртқы факторларға төзімді етіп жасалған. Жыл соңына дейін республикалық және жергілікті бюджет есебінен, сондай-ақ лизинг шеңберінде 728 бірлік арнайы техника, 18 мыңнан астам керекті жабдық сатып алынады. Арынов мырзаның айтуынша, техника бірінші кезекте аудандық бөлімшелердің қажеттілігі үшін бөлінеді. Алғаш рет 4 ұшақ пен 7 тікұшақты,

сондай-ақ, көпқабатты ғимараттағы өртті сөндіру үшін 2 дрон және жел жағдайды бақылауға арналған 10 ұшқышсыз ұшу аппаратын сатып алу жоспарлануда.

Өрт сөндіру бөлімдерін салу тәсілі қайта қаралды. Тамыз айында елордада жатақханасы бар бірегей өрт сөндіру бекеті ашылды. Ол 3,5 айда заманауи технологияларға сай жылдам салынатын конструкциялардан салынды. Осыған ұқсас «құрылыс генокоды» барлық өңірлерге де енгізілмек. Жалпы, республика бойынша 432 өрт сөндіру бөлімі бар, 121 өрт сөндіру депо-сын салу қажет. Сондай-ақ қаржыны үнемдеу есебінен өрт сөндіру бөлімдері жөнделіп, аумақтар абаттандырылуда.

Жер сілкінісі кезіндегі ескерту және әрекет алгоритмдеріне қатысты министр бұйрығымен ақпан

айында құзырлы орынның жауапты тұлғаларынан үлкен топ құрылды. Олар шамамен 2 ай уақыт Алматыдағы әрбір ПИК-пен жұмыс істеп, оның әрбір басшысымен жер сілкінісі кезіндегі өзара іс-қимыл мен тәртіп шараларын пысықтады. Министрдің айтуынша, көп нәрсе алғашқы қадамдарға байланысты. Жер сілкінісін әлі ешкім болжаған жоқ. Тиісінше, жер сілкінісі жағдайында ПИК-тің төтенше жағдай қызметкерлерімен бірге әрекет етуі, көмектесуі, халықты эвакуациялау пунктіне жіберуі үлкен көмек болары сөзсіз.

Арынов мырза депутаттардың «жұмыстарыңызға төмен баға береміз» деген базынасына да өз уәжін айтты. Ол бұл орайда мұндай пікірді қабылдайтынын, қиындықтарды жасырмайтынын ортаға сала келе, бірақ вице-министрден бастап қатардағы жауынгерге дейін өз міндеттерін жарғақ құлағы жастыққа тимей орындап жатқанын, бұл сенім мен шындыққа қызмет ететін жігіттердің, жауынгерлердің жеңісі екенін мәлімдеді. Сондықтан, олардың жұмысын төмен бағалау соншалықты жағымды болмайтынын кесіп айтты.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

• ПАЙЫМ

ӘДЕП КОДЕКСІ ОРТАҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУҒА ҮНДЕЙДІ

Сот тарихындағы тың реформа, түбегейлі өзгерістер негізінен республика судьяларының съезінен бастау алатыны белгілі. 1996 жылы Қазақстан Республикасы судьяларының алғашқы съезі өтіп, онда ең алдымен судьялардың Әдеп кодексін қабылдау күн тәртібіне қойылды. Осының өзі сот саласында әдеп нормаларына, судьялардың қоғамдағы орнына, көпшілік ортасында өзін-өзі лайықты ұстауына, ел ішіндегі бет-бейнесіне жоғары талаптар қойылғанын айқайтайды.

Соттың беделі бір күнде қалыптаспайды. Мысқалдап жиналатын беделдің салмағы әр судьяның әдептілік әліппесін сақтауына тікелей байланысты. Сондықтан, өзі еңбек еткен саланың келбетіне көлеңке түсірмеу үшін судьялар кәсіби біліктілігін жетілдіріп, ортақ тәртіпті сақтауы және өз білімін, дағдыларын мен құзыретін арттыру бағытында көп ізденуі керек.

Міне, осы алғашқы съезден бері сот қауымының бағдарына айналған Әдеп кодексі бірнеше жаңғыртудан өтті. Мұндағы өзгерістердің қолға алынып, жаңа Әдеп кодексінің дайындалуына шетелдік тәжірибе, азаматтардың пікірі, қоғамның қажеттілігі түрткі болғаны рас. Өсіресе халықаралық талаптарды негіз ете отырып енгізілген жаңашылдықтар Әдеп кодексінен мейлінше судьяларға жақын етті.

Бірақ, қоғам бір орында тұрған жоқ. Заман ілгерілеген сайын судьялардың бет-бейнесіне қойылатын талаптар да өзгерді. Соның ішінде ақпараттық технологияның дамуы, әлеуметтік желінің жеделдігі, халық пікірінің мазмұны Әдеп нормаларын қайта қарау қажеттілігін алға шығарды. Биыл Астана төрінде өткен республика судьяларының IX съезінде жаңа Әдеп кодексінің жобасы әріптестер талқысына салынды. Осы мәртебелі жиынға қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Судьялар адалдықтың, дербестіктің және әділдіктің жарқын үлгісі болуы керек. Сондықтан судьялардың этикалық нормаларды сақтауы

ерекше маңызды. Жаңа өзгерістерге сай енді сот ісін қарау кезіндегі барлық өрескел қателікті Сот жюриі тексереді. Бұл – соттардың тәртіптік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған жаңа тәсіл», – деген болатын.

Мемлекет басшысы судьялардың жаңа Әдеп кодексін қабылдауды қолдады. Сонымен бірге, сот пен судьялар қаперінде ұстауы тиіс мәселелерді, тәжірибедегі жаңашылдықтарды атап көрсетіп, сотқа деген сенім судьялардың білім-білігімен ғана емес, парасат-пайымымен, кісілік келбетімен, адами болмысымен өлшенетінін алға тартты. Ал республика судьяларының IX съезінде қабылданған Әдеп кодексі сот тәртібіндегі жоғары стандарттарды бекітіп, сот жүйесіне деген қоғамның сенімін нығайта түседі.

Съезде сөз сөйлеген Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиев соттағы жетістіктерді жан-жақты көрсетіп, сот жүйесіне деген сенімнің жыл өткен сайын жақсарып келе жатқанын алға тартты. Мәселен Ұлттық статистика бюросы 2023 жылғы шілде мен 2024 жылғы шілдеде тәуелсіз сауалнама жүргізіп, нәтижесінде сот органдарына деген сенім деңгейінің бұған дейінгі 55,2%-дан 61,8%-ға дейін артқанын көрсетеді. Мұндай көрсеткіш тек жұмыс сапасымен ғана байланысты болмаса керек. Бұл өсімге судьялардың сот отырысы залынан бөлек, соттан тыс кезде де өзіне жүктелген міндетке адал болып, әдептілік пен ар-ұят шеңберінен шықпауы түрткі болғаны даусыз.

Міне, судьялардың басты құқықтық құжаттарының біріне айналатын жаңа Әдеп кодексінің де қолданылар кезі жақын. Судьяны жаңа қырынан танытып, қоғамдағы орнын айшықтауға тікелей себеп болатын бұл кодекс саланың беделін көтеруге, танымалдығын арттыруға қызмет етері күмәнсіз.

Бахытхан БӘКІРБАЕВ,
Алматы қаласы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

• МІНБЕР

Еркіндікті сүймейтін, азаматтықты аңсамайтын халық болмайды. Халқымыз еркіндікке жету үшін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғалы бері дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас бөлігі ретінде адам құқы мен бостандығының басымдығын мойындай отырып, демократиялық қоғам және құқықтық мемлекет құруға бекем бел байлағанын өз Конституциямызда баянды етті.

ҰЛЫ МҰРАТТАР АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Бүгінде отандық сот қауқарлы да қуатты, тәуелсіз, біртұтас жүйеге айналып келеді. Қазақстандағы әділеттіліктің салтанат құруы мен тәуелсіз сот жүйесінің қалыптасуы жолында көптеген жұмыстар атқарылды. Соның бір айғағы 2024 жылы 4 қазанда Астанада Қазақстан Республикасы судьяларының кезекті IX съезі өтті. Съезд жұмысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, еліміздің сот саласын кешенді реформалау ісіндегі қол жеткізген жетістіктерге тоқталды.

«Заң мен тәртіп – әділетті қоғамның негізгі өлшемі. Бұл – заң алдында бәрі бірдей, тең құқылы деген сөз. Сол себепті, сот органдары азаматтардың басты қорғаны болуы керек. Елде заң үстемдігі орнаса, халықтың билікке деген сенімі нығаяды», – деді Мемкелет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, сот төрелігіне қол жеткізуде соттардың шешіміне кассациялық тәртіппен шағымдану мүмкіндігін беру маңызды. Биыл шілде айында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жеке-жеке кассациялық сот құруды қарастыратын заңға қол қойылды. Олар өз қызметіне келесі жылдың 1 шілдесінен бастап кіріседі.

Президенттің пікірінше, келесі басымдық – саланы цифрландыруды жалғастыру. «Цифрлық технология азаматтардың сот процесіне қатысуын айтарлықтай жеңілдетті. Сондай-ақ сот қызметінің барынша ашық болуын қамтамасыз етті.

Биыл сот отырыстары алғаш рет онлайн көрсетіле бастады. Осындай тәсілмен екі сот процесі өтті. Сот істері миллиондаған адамның көз алдында, мейлінше ашық жүргізілді. Мұндай қадам жұрттың сот жүйесіне деген сенімін нығайта түсті деуге болады. Бұл – әрине, бұрын-соңды болмаған жаңашылдық. Сондықтан судьялар мен айыптаушыларға қойылатын талап күшейді. Сотқа қатысушы тараптар ашық сот алаңында өз ойларын еркін жеткізе алады», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, сот мамандарын іріктеу және құзыретін күшейтуге аса мән беру қажет екенін де жеткізді. Президенттің айтуынша, Жоғары сот кеңесі дербес әрі кәсіби судьялар корпусын қалыптастырудың кепілі болуға тиіс. Президент жыл сайынғы жолдауында берілген тапсырмалар негізінде сот жүйесіне баса назар аударып отыр. Елімізде сот саласында жасалып жатқан игі істер ауқымды. Қазақстан тәуелсіздікке жеткен жылдардан бастап өзінің құқықтық жүйесін белсенді қалыптастырып келе жатқан ел. «Ұлтты ұлы мұраттар алға жетелейді» демекші, мемлекетіміз үшін алда асар асулар мен бағындырар белестер әлі де жетерлік. Еліміздің сот жүйесі әлемнің алдыңғы қатарындағы елдерден көрінетініне сенімдіміз!

Мирас НАҒАЙБАЕВ,
Мағжан Жұмабаев аудандық сотының төрағасы
Солтүстік Қазақстан облысы

• БАСТАМА

ҮШ ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ІСКЕ КІРІСЕДІ

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша дербес кассациялық соттар құруды көздейтін «Кейбір конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңға қол қойды. Осыған байланысты сот ісін жүргізудің барлық түрлері бойынша кассациялық сотқа жүгінудің және сот актілерін қайта қараудың бірыңғай қағидаларын енгізу ұсынылды.

Сот істері кассациялық соттарға алдын ала қараусыз, үш судьядан тұратын алқаға тікелей түседі. Бұл ретте кассациялық соттың істерді қарау мерзімі алты айдан аспайтын болады. Сот процесі тараптарды шақыра отырып, ауызша жүргізіледі. Азаматтық істер бойынша талап қою сомасы 200 АЕК-тен кем болған кезде жеке тұлға-

лардың және талап қою сомасы 30 мың АЕК-тен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүлктік мүддесіне байланысты даулар бойынша шектеу алынып тасталады. Азаматтар сот актілерін қайта қарау туралы өтініш емес, кассациялық шағым береді. Әкімшілік істер бойынша сот актілері апелляциялық шағымданғаннан кейін заңды күшіне енеді. Бұдан басқа, әкімшілік істерде талап қоюшының таңдауы бойынша аумақтан тыс соттылық енгізіледі. Тәуелсіз кассациялық соттардың құрылуымен Жоғарғы Соттың рөлі де өзгереді, ол сот практикасын зерттеуге жалпылауға және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау мәселелеріне назар аударады.

Сот актілерін қайта қарау Жоғарғы Сот судьясының ұсынуы бойынша немесе Бас Прокурор-



Д. МАКСЫТОВ,
Қарағанды қаласы
Әлихан Бөкейхан
аудандық сотының
төрағасы

дың наразылығы бойынша, ерекше жағдайларда Жоғарғы Сотта мүмкін болады. Дербес кассациялық соттарды құру сот төрелігін іске асыру сапасын жақсартуға, сот сатыларының әрқайсысының жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді, бұл соттарға деген сенімді арттыруға ықпал етеді.

• ПӘРМЕН

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ЗОР

Сот актілерінің дер кезінде, сапалы орындалуы халықтың сотқа, сот арқылы елдегі әділдік пен тура төрелікке деген сенімін нығайтады. Өкінішке қарай, сот шешімдерінің көпшілігі мерзімінде орындала бермейді. Ал осы шешімдерді мәжбүрлеп орындату жеке сот орындаушылар құзырына жатады.

Жеке сот орындаушылар атқару парағы, атқару жазбасы, сот қаулысы, салық бұйрығы, айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқаманы өндірісіне қабылдағаннан кейін атқарушылық іс қозғайды. Оның тәртібі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңымен реттеледі. Осы заңнамаға сүйене отырып борышты өндіріп алу бойынша іс-әрекеттер жасалады.

Егер азаматтар өз міндетіне жауаптылықпен қарап, сот шешімдері мен мемлекет алдындағы берешектерін дер кезінде орындаса, жеке сот орындаушыларының жұмысында да қиындық

туындамас еді. Алайда, бүгінгі жағдай көрсеткендей борышкерлер қарызын өз еркімен қайтаруға құлықты емес. Соның салдарынан жеке сот орындаушылар борышкерлердің шоттарына, мүлкіне тыйым салу, табысының бір бөлігін ұстап қалу секілді тегеурінді тәсілдерді қолдануға мәжбүр болады.

Бірақ, жеке сот орындаушылардың мәжбүрлеу әрекеті қысым жасауға, борышкердің жақындарының құқығын таптауға ұласпауы керек. Өз қызметіне адал жеке сот орындаушылар құрылымның жұмысына кір келтіретін теріс әрекеттерден сақ болғаны дұрыс. Мәселен, жеке сот орында-

ушылардың борышкермен, оның туыстарымен дәрекі түрде сөйлесуге құқығы жоқ. Сол секілді борышкерлерге физикалық күш қолдану, қорқыту, ар-намысы мен кәдір-қасиетін қорлау секілді әрекеттерден де алшақ болғаны дұрыс. Коммер-



Асылзат ОСПАНОВА,
Алматы облысының
жеке сот орындаушысы

циялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жариялау, қызмет нәтижесінде белгілі болған мәліметтерді жария ету де жеке сот орындаушылардың құзыретіне кірмейді.

Жеке сот орындаушылар берешекті өндіріп алу кезінде борышкердің шотында ең төмен күнкөріс деңгейінен кем емес сома міндетті түрде қалуға тиіс. Ал биылғы 2024 жылы белгіленген күнкөріс деңгейі 43 407 теңгеге тең екені белгілі.

Жеке сот орындаушылар – өзін-өзі қаржымен қамтамасыз ететін, бірегей, тәуелсіз институт. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 118-бабына сәйкес, жеке сот орындаушылар қызметіне ақы төлеу борышкердің қаражаты есебінен жүргізіледі. Ал қаржының көлемі істердің санатына және өндіріп алу сомасына байланысты 3-тен 25%-ға дейінгі мөлшерде белгіленді. Ең бастысы, жеке сот орындаушылар еңбегіне өндірілетін сома 10 000 АЕК-тен аспауы шарт. Егер жеке сот орындаушысының әрекетіне қатысты сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар республикалық палатаға жүгініп, өз мәселелерін заң аясында шеше алады.

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

МАҚСАТТЫ МЕКТЕП ЖОБАСЫ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРЕ МЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жобаның басты мақсаты – мектептерде сапалы білім беру ортасын құру, оқушыларға барынша қолайлы жағдай жасау және білім беру инфрақұрылымын жетілдіру. Бұл бастама аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары өткізіліп, аттестациялауды күшейту шаралары енгізілген. «Мақсатты мектеп» жобасы ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім беру деңгейін теңестіру, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру және білім сапасын арттыру мақсатында құрылған. Жоба авторлары ауылдық жерлердегі білім беру сапасын жақсартуды басты мақсат етеді. Білім сапасын арттыру үшін мұғалімдер арнайы тесттер мен оқыту курстарынан өтуі тиіс деп көрсетілді.

Дегенмен, мұғалімдер бұл бастаманың тиімділігі мен пайдасына күмәнмен қарайды. Жобаға қатысты сындардың көбі оның нақты әсерін көрмеуге негізделген. Кейбір мұғалімдер жобаның тек сырт көзге арналған шара ретінде қарастырылатынын алға тартады. Жобаға қатысты әлеуметтік желілерде көптеген пікірлер қалдырылған. Кейбір мұғалімдер бұл бастаманы қолдаса, басқалары оның тиімділігіне күмәнданып, оны «керексіз» деп атады. Пікірлерде жоба мұғалімдерге қосымша жүктеме болып, олардың негізгі жұмысын күрделендіреді деген сындар айтылды. Жобаның негізгі сынға ұшырауы мұғалімдерден тест тапсыруды талап етуімен байланысты. Бұл тестілеудің заңды негізі болмауы, демалыс күндеріне сәйкес келуі және мұғалімдерді аттестациялауға қосымша жүк түсіруі көптеген ұстаздардың наразылығын туғызды. Кейбір мұғалімдер бұл тесттерді пайдасыз деп санап, оған қатысудан бас тартты, өйткені олар мұндай шараның білім сапасына айтарлықтай әсер етпейтініне сенімді. Жобаға қарсы мұғалімдердің бірқатары петиция жариялап, оның жүзеге асуына

қарсылық білдірді. Олардың айтуынша, «Мақсатты мектеп» жобасы заңнамалық тұрғыдан нақты негізделмеген және мұғалімдерге қажетсіз жүктеме артуда. Кейбір ұстаздар бұл жобаның заңды құжаттарға сай келмейтінін және оларды қатысуға мәжбүрлеуге болмайтынын алға тартып, тестілеуден бас тарту құқығын пайдаланған.

«Мақсатты мектеп» жобасына қатысты қаржылық мәселелер де назарда. Кейбір мұғалімдер бұл жобаның қаражаты дұрыс пайдаланылмай жатқанын айтып, оның нақты пайдасын көрмей отыр. Мысалы, депутат Жұлдыз Сүлейменова жобаға қатысты күмәнін білдіріп, оның қаражатты босқа жұмсайтын бастама екенін атап өтті. Жұлдыз Сүлейменова бұл жобаның Ұлыбританияның бұрынғы Лондон бағдарламасына негізделгенін және қазіргі білім беру жүйесімен сәйкес келмейтінін атап өтті. Оның айтуынша, жоба заңдылығы күмән тудырады және қаражатты босқа шығын кылуы мүмкін. Депутат ұстаздардың талаптарын орынды деп санап, жобаның қайта қаралуын ұсынды.

«Мақсатты мектеп» жобасы – білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды бастама болғанымен, оның жүзеге асырылуы қоғамда әртүрлі пікір тудырды. Бір жағынан, бұл жоба мұғалімдердің біліктілігін арттырып, ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім деңгейін теңестіруді мақсат етеді. Екінші жағынан, мұғалімдер арасында тестілеудің заңдылығына және тиімділігіне қатысты күмән бар. Бұл жобаға бөлінген қаражаттың дұрыс пайдаланылмауы мен оның шынайы нәтижелері жайлы сұрақтар әлі де талқыланып жатыр. Жобаны жетілдіру қажет деген ұсыныстар бар, ал оны жақтаушылар жоба арқылы білім беру саласында оң өзгерістерге қол жеткізуге болады деп сенеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Қазан айының алғашқы он күндігінен бастап елдің барлық өңірлерінде жылу қосылатыны белгілі. Әдетте, бұған дейін өзге маусымда төлеп келген коммуналдық қызмет ақысы алдағы алты ай қыста өсетіні де анық. Пәтердің көлеміне қарай, жылу батареяларының көп болуы да тұрғындар қалтасына біршама салмақ салады. Бірақ мамандардың пікірінше, біздегі баға өзге ТМД елдеріне қарағанда арзан. Яғни, отбасының ортақ бюджетіне көп шығын әкелмейді. Айталық, жалпы көлемі 85 шаршы метрден асатын пәтер үшін жарық, газ, су, жылу, қоқыс шығару қызметінің құны – орташа есеппен 27 мың теңге (57,1 АҚШ доллары) екен. Бұл – биылғы баға.

КОММУНАЛДЫҚ АҚЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛТАСЫНА САЛМАҚ САЛМАУЫ ТИІС



Көрші елдерде мұндай баға жоқ. Жоғарыда айтқандай, дәл осындай көлемдегі пәтер үшін Ресей тұрғындары айына 90,5 АҚШ долларын төлесе, Армения 130,4, Молдова 218,5, Литва 218, Эстония 303,5, Латвия 313,8 АҚШ долларын жұмсайды. Еуропа елдері мұнан да жоғары құн төлеуге мәжбүр. Мысалы, Ұлыбритания елі 328,4, Германия 336,9 және Австрия 390,5 АҚШ долларға қымбат екен. Осы көрсеткіштерді қарап бағамдасақ, еліміздегі коммуналдық ақы басқа мемлекеттерге қарағанда арзан деген пайымға келесіз.

Бір назар аударатын нәрсе, бұл еуропалық портал – Numbeo деректері. Мұндағы сарапшылар әр елдің көрсеткішін Еуропаның тұрмыстық жағдайымен есептеген. Яғни, біздегі 85 шаршы метр баспана үш не төрт бөлмелі пәтер болуы мүмкін. Ал біздің елде ауданы 30–35 шаршы метр болатын бір бөлмелі пәтер үшін ком-

муналдық қызмет ақысы айына орта есеппен 9-11 мың, 50-55 шаршы метр екі бөлмелі пәтер үшін 16-17 мың теңге болуы әбден мүмкін.

Енді осы коммуналдық ақыға жалақыдан қанша кіші жұмсалатынына назар аударсақ. Мысалы, Қазақстандағы орташа жалақы – 278 мың теңге. Ұлттық статистика бюросының деректерімен айтсақ, биылғы екінші тоқсандағы көрсеткіш осындай. Демек, тұрғындар коммуналдық қызметке өз айлығының 9,5%-дан астамын жара табады екен. Көршілес елдермен тағы да салыстырсақ, тағы да төмен көрсеткіштеміз. Мұндай ұқсас әрі арасы жақын көрсеткішпен Өзбекстан және Беларусь мемлекеті қатар тұр. Дұрысы, жалақыдан коммуналдық қызметке ақыны аз жұмсайтын осы мемлекеттер екен.

Ал енді Әзірбайжан тұрғындары 85 шаршы метрлік пәтер үшін орташа жалақыдан 12,9%, Ресей 16,5%, Укра-

ина 20,4%, Армения 21,7%, Латвия 25,6% төлейді. Ең қымбат баға Молдовада болып тұр. Ондағы көрсеткіш 36% құраған. Толығырақ мәліметтер жоғарыда көрсетілген ақпараттық кестеде берілген. Айта кетейік, біздің елдегі көрсеткіш Венесуэла мен Боливия (9,7%), Ұлыбритания (10,1%) және Германия (10,6%) сияқты дамушы және дамыған елдердің көрсеткіштеріне жақын. Румынияда 16,4% болса, Чехияда 18,5%, Сербияда 22% жалақыдан коммуналдық қызметке жұмсайды. Ең жоғары сағыда тұрғаны Пәкістан мемлекеті. Мұнда орташа жалақының 50%-дан астамы осы салаға кетеді.

Тағы бір айта кететін дүние, Ұлттық статистика бюросы ұсынған мәліметте, биылғы екінші тоқсан бойынша ел тұрғындарының коммуналдық қызметтерге, яғни тұрғын үйді күтіп ұстауға және жөндеуге байланысты үй шаруашылығының қаржылай шығысы 46,9 мың теңгеге құраған. Бұл – бір айға шаққанда шамамен 15 мың теңгеден асады. Ескертін нәрсе, бұл қаржыға тікелей коммуналдық қызметтерден басқа, тұрғын үйді жөндеу және күтіп ұстау, және тағы басқа да басқарушы компаниялардың қызмет ақысы да кіреді.

Ең маңыздысы – Қазақстанда коммуналдық қызмет ақысы отбасылық бюджетке көп салмақ салмайды десек те, бұл мәселе тұрмыс жағдайы төмен немесе көп балалы отбасылар үшін әрқашан өзекті болып қала бермек.

Шернияз
ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

• ЖИЫН

«ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚАЗАҚСТАН» ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғамды алаңдатқан аса өзекті мәселелердің бірі. Шымкент шаһарында аталған түйткілді мәселеге орай «Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты үлкен жиын ұйымдастырылды.



Қалалық ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарманың мұрындық болуымен ұйымдастырылған жиынға елімізге белгілі қоғам қайраткерлері, психологтар мен қалалық полиция департаментінің өкілдері қатысты. Екі жүзге жуық адам қатысқан алқалы отырыста жан-жақты ұсыныстар мен тәлімі мен тағылымы мол әңгімелер айтылды.

Іс-шараға қатысушылар жиынды әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасын аралаудан бастады. Ғасырлар қойнауынан жеткен қатпарлы тарихты сөйлеткен кітапхана бөлімдерінің әрқайсысы сонау ерте замандардан сыр шертеді. Қоғамда «жастар кітап оқымайды» деген қасаң түсінік әбден қалыптасып қалғанымен, бүгінде кітапхана іздене жүріп кітап оқитын, білімін тереңдетіп

жүрген білімді де білікті жастардың аса көп жиналатын орындарының біріне айналған.

Сондықтан, еліміздің ертеңі үшін мәні мен маңызы мол әрі ұрпаққа мол ұлағатты тәлім-тәрбие беретін іс-шара дәл осы ғимаратта өтті. Жиынға қатысушылар тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін жан-жақты талқыға салып, оның қоғамдағы теріс салдарын аңау-ту, алдын алу және жою жөнінде өзара пікір алмасты. Ләйлә Сұлтанқызы жастармен ашық сұхбат құрып, қоғамдағы зорлық-зомбылықсыз мәдениетті дамытудағы әр адамның рөліне назар аударды.

– Қазіргі нарықта әрбір қыз сұлулықты қалайды. Дегенмен, сұлулық ол – білім, әдеп, дұрыс қалыптасқан тұлғада ғана болады. Ал нәзіктік пен қарапайымдылық барлық уақытта трендте.

Отбасындағы зорлық-зомбылық қоғам үшін қалыпты болуы мүмкін. Бірақ әйелдің болашақтағы болмысы үшін, өмірі үшін үлкен қауіп тудырады. Сондықтан екі жақты келісімге келу арқылы барлық түсініспеушіліктің алдын алуға болады, – дейді тележүргізуші, қоғам қайраткері Ләйлә Сұлтанқызы.

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы арнайы заңның күшіне енгеніне 4 айдан астам уақыт болды. Отбасының берекесін алып, жұбайы мен бала-шағасына қол көтергендерге жаза барынша қатаңдатылған. Ел ішінде заң аясындағы ең көп талқыланған біршама жобалар да қолға алынған еді.



Мәселен, «Шаңырақ» жастар мен жас отбасыларды қолдау орталығының басшысы Сабира Байзақованың айтуынша бүгінгі күнге дейін түрлі санаттағы қоғам өкілдерімен жиырдан астам кездесу ұйымдастырылған.

– Кездесулердің басым бөлігі еліміздің оңтүстік өңірлерінде болады. Шара бары-

сында қоғамдағы аса өткір әрі өзекті мәселеге айналған сан түрлі тақырыптар қамтылады. Жиынға келушілер өз қалауларымен психологтардың көмегіне тегін жүгінуіне мүмкіндік алған. Әсіресе, бүгінгі күні тұтас қоғамның беті ашық үлкен жала-лежүргізуші, қоғам қайраткері Ләйлә Сұлтанқызы мәселесі көп жағдайда халықтың менталитеті мен қалыптасқан ұғым-түсініктеріне яки тәлім-тәрбиесіне, кей жағдайда қорқып-үркудің салдарынан жабулы қазан күйінде қалып, түйткілді жайды одан сайын ушықтыра түседі. Кейбір қыз-келіншектер алғашқы сеанстардан оң нәтиже берсе, енді бірі жарты жылдық уақыт-

ты талап етеді. «Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» жобасын жүргізу барысында біз халық арасында кеңінен таралған сауалнама жүргіздік. Тек жыныстық, физикалық күш көрсетуден бөлек, материалдық қысымның да бар екені анықталды, – дейді Сабира Байзақова.

Жиынға қатысқан Шымкент қалалық полиция департаменті

өкілдерінің мәліметінше мегаполис аумағында тек жыл басынан бері ғана ішімдік ішудің және басқа да есірткі заттарын пайдаланудың салдарынан отбасылық дау-жанжалдар кезінде туындаған оқиғалар көбейген. Полиция қоғамдық тәртіпті бұзып әрі отбасында зорлық-зомбылық әрекетін жасағаны үшін 4720 адамды Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 73-бабымен әкімшілік жауапкершілікке тартқан.

Бұл орайда отбасындағы зорлық-зомбылықтардың алдын алу бағытында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның 20-бабы бойынша түрлі деңгейдегі жауапкершілік жөніндегі заңға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартқан. Бұдан бөлек полицияның ұсынысы негізінде отбасы мүшелеріне «жуан жұдырығын» талай көрсетіп, қиянат қылған 653 адамға сот арқылы ерекше талаптар белгіленгенін атап өткен жөн. Полиция отбасылық зорлық-зомбылықтар мен тұрмыстық қиянаттардың алдын алу мақсатында идеологиялық тәрбие беру жұмыстарына да баса мән беріліп келе жатқанын жеткізді.

Полиция қоғамда әйелдерге және балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерінің көп жағдайда қоғамнан және тәртіп сақшыларынан жасырылып қалатындықтан қалалық гендерлік саясат тұжырымдамасы жа-салып, оған сәйкес тұтас қала аумағында отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар аясында әйелдерге және балаларға жа-салынатын зорлық-зомбылық мәселелерінің алдын алу және зерттеу мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізу де қолға алынғанын атап өтті.

Аталған мақсатта тұрмыстық зорлық-зомбылық тәсілі

мен әдісін, сондай-ақ оның туындау себептері мен салдарының пайда болуын анықтау мақсатында халық арасында әлеуметтік сұрқатар қойылып, оған 1840 респондент қатысқан. Әлеуметтік сауалнамаға Шымкент қаласының түрлі ұйымдары мен кәсіпорындарында – 395, жоғары және орта оқу орындарында – 1330 және жұмыссыз әйелдер арасында –115 респондент жауап бергені айтылды.

Жиын барысында «Mariyam» қорының басшысы, «Әйел бақыты» жобасының авторы – Ләйлә Сұлтанқызы Мемлекет басшысының тапсырмасымен жыл сайын бөлінетін «Аңсаған сәби» бағдарламасына әлі де қатысуға болатынын атап өтті.

Жыын барысында қоғамның аса өткір әрі күрделі мәселесіне айналған отбасылық зорлық-зомбылықтардың алдын алуға тек құқық қорғау органдары ғана емес, тұтас қоғамның әсіресе елге белгілі қоғам өкілдерінің араласып, жастар арасында түйткілді мәселені шешу мақсатында түрлі кездесулер мен семинарлардың, басқа да ізгілікке жол ашатын шараларды ұйымдастырудың мән-маңызы зор екені аталды.

Кездесу барысында қатысушылар қоғамдағы зорлық-зомбылық мәселелері, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері жайлы пікірлерін ортаға салып, тәжірибе алмасты.

«Зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» жобасы – еліміздің әйелдер мен балаларын қорғау жолындағы кезекті әрі аса маңызды қадам.

Тәлімі мол кездесу жастардың санасына зорлық-зомбылықсыз өмір салтын қалыптастырудың маңыздылығы және қоғамда белсенді азаматтық ұстанымның болуы керек деген тұжырыммен аяқталды.

Майра ҚУАНШЫҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• СЪЕЗД МІНДЕТТЕРІ

• БАЗЫНА

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ –
АЙТУЛЫ БАСТАМАЛАР ЖАРШЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екінші съезде соттарды мамандандыру, судьялардың жүктемесін азайту, процестердің жарыспалылығын қамтамасыз ету мәселесі шешімін тапса, үшінші съезде алқабилер институты, қылмыстық жазаны ізгілендіру сөз болды. IV съезд сот өндірісін оңтайландыру, судьяларды іріктеу талаптарын күшейту, соттың санкция беру тетіктерін енгізуге басымдық берсе, V съезде сот жұмысын жандандыруға ден қойылды. VI съезде тергеу сотының, соттар беретін санкция түрлерін күшейтуге негіз қаланды. VII съезде қазақстандық қазылардың Әдеп кодексін қабылдау, жаңа технологияны сот тәжірибесінде қолдануға барынша мән беру мәселесі күн тәртібінен орын алды. VII – VIII съездерде заңнамаларды жетілдіру, жекелеген істер бойынша бірыңғай тәжірибе қалыптастырудың маңызы мен заманауи технология көмегімен сот саласын жаңа белеске көтеруді мақсат етті. Жалпы қай съезді алсақ та, соттағы ашықтық пен теңқұқылық, жеделдік пен сапа мәселесі үнемі басты орында тұр. Себебі, сот қызметін тұтынатын халықтың қалауы да осы талаптарға келіп түйіседі.

Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезі ел Президентінің қатысуымен 2024 жылғы 4 қазанда өткізілді. Барлығы 450 қатысушы, оның ішінде делегаттар саны – 185, қалғандары – мемлекеттік органдардың, шет мемлекеттердің Жоғарғы соттарының, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдері.

Съездің негізгі тақырыптық бағыттары сот жүйесі мен судьялардың тәуелсіздігі, судьялық қате және заңның өрескел бұзылуының нақты өлемшарттарын анықтау; судьялық өзін-өзі басқаруды заңнамалық реттеу; Жоғарғы Сотқа заң шығару бастамасы құқығын берудің орындылығын талқылау; сот әкімшілігін дамытуға арналды.

Сонымен қатар, басқосуда тиімді сот ісін жүргізу үшін дербес кассациялық саты құру; әкімшілік әділет аясын қолдануды кеңейту және әкімшілік істер бойынша эксаумақтық соттылықты енгізу; қылмыстық процесте тарап-



Бақытбек ЕЛШІБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Судьялар
одағының Қызылорда облыстық
филиалының төрағасы

тардың нақты жарыспалылығы мен тең құқылы болуын қамтамасыз ету; соттардың қызметіне жасанды интелект элементтерін енгізу; татуласу рәсімдерін дамыту және сот төрелігін жария іске асыру мәселелері талқыға салынды.

Судьялық кадрлар мәселесі де назардан тыс қалмады. Соның ішінде съезд қатысушылары судьялық кадрларды даярлау және іріктеу сапасы; судьялардың ғылыми әлеуетін дамыту; кәсіби қызметін бағалау және тәртіптік жауапкершілік институттарын жетілдіру, судьялық Әдеп кодексінің жаңа редакциясын қабылдау да талқы тақырыбына айналды.

Съезде судьяларды материалдық, әлеуметтік және медициналық қамтамасыз ету, судьялардың біліктілік сыныптарын айқындау; әлеуметтік топтаманы күшейту тетіктері де күн тәртібіне қойылды. Осындай маңызды мәселелер талқыға салынған съездің сот саласындағы түйткілерді шешіп, көптеген оң жаңашылдықтардың жүзеге асуына ұйытқы болары күмәнсіз.

• ӘДІЛЕТ

РОБОТ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР
ТӘЖІРИБЕДЕ

Қазір қай саланы алмасаңыз да жаңа технологияның жетістіктерін пайдаланып, қызметін мейлінше жедел, ашық, қолжетімді, халыққа ыңғайлы жасауға күш салуда. Әділет министрлігінде де бұл бағытта үлкен ізденістер қолға алынып отыр. Робот сот орындаушы – сол іргелі ізденістің, жаңашылдыққа ұмтылыстың жарқын көрінісі.



Мусалим МУТАЛИПОВ,
Алматы қаласы Әділет
департаменті
Мемлекеттік кірістер
сомасын өндіріп алу
жөніндегі аумақтық бөлімнің
басшысы,
аға сот орындаушысы

Робот сот орындаушы жобасына жүктелген міндет жоғары. Бұл жаңашылдық сот шешімдерін дер кезінде орындату, сот актілеріне қатысты халықтың мәселелерін тиімді шешу мақсатында қолға алынғаны мәлім. Себебі, сот актісі қолына тигенімен, берешегін қайтара алмай, қаржысы мен мүлкіне қолы жетпей жүрген азаматтар аз емес. Мұндай өкпелі жандар сот шешімінің дер кезінде орындалмауын борышкерлерден емес, сот орындаушыларынан көреді. Сот актілерін дер кезінде орындату сот орындаушыларының міндеті екені рас. Бірақ, борыш-

керлер де берешегін қайтармау үшін түрлі құлыққа, құйтұрқы әрекеттерге баратынын ұмытпауымыз керек. Орындалуға тиіс сот актілерінің көптігі сот орындаушылардың өз міндетін сапалы, жылдам атқаруына кедергі келтіреді. Осындай кезде робот сот орындаушы жүктемені азайтуға үлкен көмек. Себебі, роботтардың араласуымен қарызын өз еркімен төлегісі келетін азаматтардың мәселесін оңтайлы шешуге болады.

Робот сот орындаушы берешегі бар адамға қарызды белгіленген уақытта, қандай шартпен қайтаруға болатыны туралы ескертпені дәл мерзімінде жолдайды. Оларда кешігу болмайды. Сот орындаушылар ескертуді кешіктіріп беруі, соның кесірінен қарыздың көбеюіне әсер етуі мүмкін. Екіншіден, робот сот орындаушылар тек ақпарат берумен шектеледі, ал сот орындаушылардың кейбірінің сойлу мәдениеті төмен, құқықтық тұрғыдан түсіндіруі кем. Бұдан бөлек, робот орындаушы қызметіне ақы төлеудің қажеті жок. Ал сот орындаушылардың соққан қонырауы, жазған смс хабарламасы, поштамен жіберген ескерту хатына дейін ақылы. Оған қоса, берешек сомасының көлеміне қарай қызметіне ақы төленетіні тағы бар. Сондықтан, робот сот орындаушылар дер кезінде енгізілген, қарапайым халық игілігі үшін жасалған тиімді жоба десек қателеспейміз.

• АЛИМЕНТ

Әлеуметтік маңызы бар істердің бірі – алимент өндіру туралы атқарушылық құжаттар. Алименттің ең көп тараған түрі – баланы асырауға берілетін төлемдер. Көп адамдар алимент өндіруге өтінішті тек некені бұзғаннан кейін ғана беруге болады деп ойлайды. Алайда бұл қате пікір.

БОРЫШЫҢА АДАЛ БОЛ, ӘКЕ!

Мәселен, өндіріп алушы алимент алуға өтініш беріп, сот шешімін алды делік, бірақ оған екінші ата-анасының көмегі қажет болмады. Алайда, кейіннен қиын жағдай туындап, қаражат қажет болды. Енді төлемді алу үшін адам қайтадан сотқа жүгінеді. Қажет болған жағдайда алимент бала 21 жасқа толғанға дейін төленеді. Алайда, егер алимент баланың 18 жасына дейін анасының пайдасына өндіріп алынса, осы жастан кейін бала күндізгі бөлімде білім алатын болса, өз бетінше сотқа жүгінуге және ата-анасынан төлем өндіру туралы өтініш беруге құқылы. Бұл қаражат енді баланың пайдасына өндіріледі.

Белгілі ислам ғалымы Имам ибн Мунзир: «Әкенің кішкентай балаларына нәпакасын беруге тиіс екенін бүкіл ғалымдар бірауыздан қолдаған. Өйткені бала – адамның бауыр еті. Өзінің тәнін азықтандыруы тиіс болғанындай, баласын да тамақтандыру – оған міндет», – деген. Ажырасқан күнде де

әкенің балаларын асырап, бағуы (алимент төлеуі), оған жақсы тәрбие беруі шарият бойынша міндет. Оны төлеуден қашу, табысын жасырып, аз мөлшерде төлеу – күнә. Егер ата-ана алимент төлемесе және төлемдері бойынша қарызы болса, өтініш беруші сотқа жүгініп, оларды ата-әжесінен өндіріп алуға өтініш бере алатынын көбі біле бермейді. Айтпақшы, баланы өсіріп, тәрбиелеген ата-әжелер, сондай-ақ ата-аналар да балалардан алимент алуға құқылы. Жұмыс істейтін кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз ата-аналарын асырауға міндетті. Егер олар мұны өз еркімен жасағысы келмесе, сотқа жүгінуге болады.

Алименттік қатынастар ерлі-зайыптылар арасында да туындауы мүмкін. Атап айтқанда, бұл төлемдер балаларға алимент тағайындалғанына қарамастан, бұрынғы жұбайын асырап-бағу үшін өндіріп алынады. Бұл орайда, егер бұрынғы әйелі немесе күйеуі алкоголь, есірткі пайдалану немесе

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы еліміздегі тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді және барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

СҰРАНЫС пен ТАЛАП
БОЛСА, ТІЛ ДАМИДЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Елімізде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады. Сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың жазбаша нысанда жасалатын барлық мәмілелері қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасы қоса беріліп, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады. Шетелдік жеке және заңды тұлғалармен жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер мемлекеттік тілде жазылады.

Жоғарғы Соттың «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Нормативтік қаулысы сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тілдің алар орнын белгілейді. Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқығы мен бостандығын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі болып табылады.

Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сәйкес, сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Сот істі сот талқылауына дайындау сатысында талап қоюшының талап қою берілген тілді жеткілік-

ті дәрежеде білетіндігін, сот ісін жүргізудің мәні мен мағынасын түсінетіндігін анықтауға тиіс. Сот талап қоюшыдан тиісті жазбаша өтінішхат түскен жағдайда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы жауапкердің де пікірін анықтауға міндетті. Сондай-ақ Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында Қазақстанда қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізілетіндігі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа да тілдер қолданылатыны көрсетілген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге оның сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге тиіс екені міндеттелген.

Сотта мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізудің ақсап жатқан тұстарын реттеуде халық сұранысы мен талабының пәрмені зор. Алайда, сотқа талаппен жүгінетін тараптарға заңдық кеңес беретіндер іс жүргізудің өздеріне ыңғайлы үлгісінен шыққысы келмейді. Сонымен қоса мемлекеттік тілдегі іс жүргізу үлгісін қалыптастыруға енжарлық танытады. Сотқа жүгінген тарап мемлекеттік тілді сақтаса, сот істерін қарауда тіл туралы заңды бұзуға

жол берілмейді. Мысалға банк қарыз алушымен несие шарттарын мемлекеттік және ресми тілде жасактайды. Енді банктер осы шарттар бойынша дау туындап сотқа жүгінгенде талапты орыс тілінде береді. Банк екі тілде жасакталған шартты талаппен сотқа ұсынса, талап қоюын да мемлекеттік және орыс тілінде беруі қажет.

Дұрысы әрбір судья талап қоюшының талап қою берілген тілді жеткілікті дәрежеде білетіндігін, сот ісін жүргізудің мәні мен мағынасын түсінетіндігін сот талқылауына дайындау сатысында ғана анықтап қоймай, іс жүргізудің барлық сатысында, сот шешімі шыққанға дейін анықтағаны жөн деп есептеймін. Сонымен қоса сот ісін жүргізгенде «Тіл туралы» заңның талаптары бұзылса, заңды түрде сот қалыбымен шаралар қолдану маңызды. Сотқа түсетін қылмыстық істердің тергеу органдары ықпалымен, талап қоюлардың талап қоюшы өкілінің ықпалымен мемлекеттік тіл қағидаттарының бұрмалануына заңды тұрғыда жол берілмеуі керек.

С.ДӘРІҚҰЛОВА,
Шалқар аудандық соты
сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

қылмыс жасау нәтижесінде еңбекке жарамсыз болып қалса, онда төлеуші оны асырау міндетінен босатылуы мүмкін. Егер адам алимент төлеуді өз бетінше тоқтатса немесе олардан жалтарса, оған ықпал етудің әртүрлі шаралары бар.

Алимент өндіру үшін ажырасудың міндеттілігі жоқ. Ерлі-зайыптылар бірге тұрып, бірақ қандай да бір себептермен олардың біреуі екіншісіне алимент төлетуге өтініш бере алады. Немесе қандай да бір себептермен адамдар некені бұзбайды, бірақ бөлек тұрады, бұл жағдайда алимент төленуі мүмкін. Алдымен ажырасуға, содан кейін ғана төлемдерге өтініш беру міндетті емес. Ажырасу ісі ұзақ уақытқа созылуы мүмкін, ал алимент алуды бірден бастауға болады.

Бұдан бөлек, кәмелетке толған ерекше немесе ауруына байланысты еңбекке жарамсыз баланы күтіп-бағуға алимент талап етуге болады. Ол төлемдер нақты қажеттіліктерге де, алдағы қажеттіліктерге де тағайындалуы мүмкін. Сондай-ақ, егер ата-ана өз қаражаты жетіспейтін шығындарды көтерсе, ол алиментке қарамастан қосымша шығындарды өтеуге құқылы. Қосымша көмек ақы келісімдермен немесе чектермен расталуы керек.

З.ОТЕГЕНОВА,
Бейнеу аудандық соты
әкімшісінің басшысы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

• ПАРЫЗ

ЕЛ ТҰҒЫРЫ

Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Өзін қазақ халқының өкілімін немесе осы мемлекеттің азаматымын деп есептейтін әрбір адам мемлекеттік тілді білуі керек деп есептеймін. Тіл болашағының жарқын болуы саналы да қуатты жастардың қолында. Болашағымызға жауапты қазіргі жас буын еліміздің ертеңінің иесі екендігін естен шығармағанымыз жөн. Себебі, өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен жалғасақ.

Қазіргі таңда елімізде қазақ тілі мен орыс тілі қатар қолданылатыны рас. Ірі қалаларда орыс тілінің басымдылығы бар екені жасырын емес. Біз бұл көрсеткішті өзгерту үшін әрқайсысымыз ана тілімізде сөйлеп, ана тілінде қарым-қатынас жасауымыз керек. Мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын арттыру мақсатында Зайсан аудандық сотына барлық талап қоюларды жолдайтын жергілікті мемлекеттік мекемелермен, басқа да ұйымдар басшыларының және заңгерлердің қатысуымен дөңгелек үстел, семинарлық оқу, дәрістік оқу сияқты іс-шараларды жоспарға сәйкес судья-

лар мен мамандар өткізіп тұрады. Сотқа биылғы 9 айда мемлекеттік мекемеден талап қою арыздарының барлығы мемлекеттік тілде түскен.

Мемлекеттік тіліміздің болашағы өзіміздің қолымызда. Ең біріншіден біз Қазақстан Республикасының азаматымыз, Конституцияда «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп анық та нақты жазылған. Бәрі де осыдан бастау алады. Ендеше, тілді білу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, Отанды сүю, мемлекетке, халқымызға адал қызмет ету біздің борышымыз, парызымыз. Осының

барлығын тоғыстыратын сот жүйесінде мемлекеттік тілге немқұрайды қарамай, лайықты қызмет атқару маңызды. Бұл тек қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де, өмір салтымызда да берік қалыптасуы тиіс деп білемін.

Мақаламды қорытындылай келе ана тілімізге мынадай өлең жолдарын арнағым келеді:

Туған тілім – арай күнім шығатын,
Ақылшым ол жан сырымды ұғатын.
Туған тілге қаратып оқ атылса,
Мен емеспін басымды иіп бұғатын.

Қазақ тілім, тұғырысың бір елдің,
Туған тілім саған деген тілегім.
Қазақстанда тұратұғын әр адам
Соктырсын тек өзіне арнап жүрегін!

Т.ТОҚТАРБЕКОВ,
Зайсан аудандық соты
әкімшісінің басшысы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

• АКЦИЯ

Тұтас еліміз бойынша қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясы шырайлы Шымкентте де жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Жалпы қалалық сенбілік шарасы шаһар ішін мұнтаздай таза етіп, бірқатар қордаланған мәселелерді де тез арада шешуге оң ықпалын тигізіп келеді. Бірінші кезекте тазалық пен қоршаған ортаны қорғауға негізделген акция шеңберінде қала көшелері, арықтар мен атыздар, саябақтар мен аулалар қалыпқа келтіріліп қоқыстан тазартылады. Акция ең алдымен қаланың жайлы әрі таза болуына зор үлесін қосатынымен құнды.

«ТАЗА ШЫМКЕНТ» – КӨПШІЛІК ҚАЛАУЫ



Шымкентте кезекті жалпықалалық сенбілік сенбінің арайлап атқан таңымен бірге басталды. Қала тұрғындары «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында осыдан біршама уақыт бұрын елімізді тұтастай қамтыған экологиялық «Таза Қазақстан» акциясы барысында Шымкент мегаполисінің ең көп тұрғындары мен мекемелері атсалысқан осы жылдың ең ірі сенбіліктерінің бірін өткізді.

Шараға бір мезетте төрт мыңнан астам тұрғын қатысып, қаланың коммуналдық қызметтерімен бірге шараға белсене атсалысқан ақсақалдар мен ерікті азаматтар қала тазалығын одан сайын жақсартуға тырысты.

Қала әкімдігі таратқан ресми мәліметтерге сенсек, Шымкенттегі «Таза Қазақстан» тазалық акциясының соңғы шарасына барлығы 49 арнайы техника жұмылдырылған. Оның ішін-

де 8 тиегіш, 24 өзі түсіргіш көліктер, үш автокөтергіштер және 14 бортты «Газель» көліктері қоқыс тасыған. Сенбілік шарасында шаһар аумағынан жалпы көлемі 8 435 текше метр қоқыс шығарылғаны белгілі болды.

«Таза Қазақстан» акциялық сенбілігіне қатысушылар көше бойларындағы ағаштардың түптерін әктеп, қураған ағаштарды кесіп, арнайы дайындалған гүлзарларда ағаш көшеттерін отырғызды. Шаһар ішінде мөлдіреп аққан өзен арнасын тазартып, қала аумағындағы аулалар мен алаңдарда өсіп кеткен

шөпті шауып, ағаштардың түптерін қопсытып, бұталарды кесті.

Ұйымдастырушылардың ұсынған мәліметтеріне жүгінсек тек сенбілік шарасы өткізілген бір күн ішінде ғана шаһардың арнайы бөлінген орындарында бір мыңнан астам ағаш көшеттері отырғызылған. Бұл қаланы абаттандыруға және жалпы көгалдандыруға қала тұрғындарының қосқан үлесі.

Республикалық экологиялық акция шарасының маңызы аса зор екенін шаһар әкімі де өз сөзінде тілге тиек етті.

– «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өткізілген іс-шараның маңызы өте зор. Табиғатқа жанашыр адамдардың іс-қимылы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болмақ. Әрі бұл іс-шара болашақтың қамын жеген ізгі ниеттен туындап отыр. Ағаш отырғызу – бұл жай ғана көгалдандыру емес, біздің болашаққа қосқан үлесіміз. Келер ұрпаққа қолайлы жағдай жасаймыз. Өлкенімізді көркейте түсеміз, – деді Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков.

Тазалық акциясына қатысқан тұрғындар қаланың ән-сәтте айнадай тазарып қалғанына қуанышты екенін жасырмады.

– Осындай қаламыз үшін аса маңызды шараға бүкіл қала тұрғындарының жаппай бірлесіп жатқанын көргеніме аса қуаныштымын. Біздің баршамыз Шымкент шаһарының таза әрі жасыл болғанын қалаймыз. Мұндай шаралар біздің әрқайсымыздың өз қаламыз үшін жауапкершілік жүгіміздің бар екенін еске салады, – дейді Шымкент қаласының тұрғыны Марат Ахметов.

Барлық мемлекеттік органдар мен мекемелер, коммуналдық кәсіпорындар, жекеменшік компаниялар, жаппай қала тұрғындары қатысқан шара барысында шаһардың суару жүйелері мен тротуарлары тазартылып, қоқыс жәшіктері мен көше бойына қойылған орындықтардың жөнделуіне және боялуына назар аударылды. Ерекше позитивті көңіл-күймен іске кіріскен көпшілік бір-біріне қолдау көрсетіп, шынайы бірлік пен жанға жайлы атмосферада қаланың тазалығын қалыпқа келтірді. Аулалар мен көшелер абаттандырылып, қаланың көркі ашыла түсті.

– Бұл жай ғана тазалық шарасы емес, бұл туған қалаға деген қамқорлықтың мерекесі. Қаншама адам бұл шараға арнайы келгенін көргенде қаламыздың экологиялық мәселелеріне тұрғындардың бей-жай қарай алмайтын түсінесін. Қаланың экологиялық тазалығы біздің баршамыз үшін аса өзекті мәселе. Сондықтан, «Таза Қазақстан» акциясының ұйымдастырылып, әрі осындай кең көлемде қолға алынғаны аса орынды деген ойдамын. Біз еріктілер ұйымдары қаланың тазалығына тұрақты түрде атсалысып келеміз, – дейді қала волонтерлерінің бірі Айнұр Садыкова.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы шеңберінде ұйымдастырылған жалпы қалалық сенбілікке қаланың барлық мемлекеттік органдары мен мекемелері де барынша атсалысты. Шараға қатысушылар қоршаған ортаны қорғау және қаланы тазарту шарасының жалпы қоғамның экологиялық мәдениетін жоғарылатуға ықпал ететініне сенімді.

– Бүгінгі сенбілік шарасына қаланың барлық ұйымдары, мемлекеттік органдар мен мекемелер, үкіметтік

емес ұйымдар, түрлі коммерциялық бизнес ұйымдары, қысқасы жалпы тұтас Шымкент қаласының еңбек етуге қабілетті жұртшылығы атсалысты десек қателеспеймін. Шараның тұрақты негізде өткізілуі қаланың экологиясын тұрақтандыруға, қоқыстан арылып көркінің ашылуына, адамдар демалатын гүлзарлар мен саябақтардың, су қоймаларының, қала көшелерінің тазартылуына зор ықпалын тигізеді. Қаламыздың, қоршаған айналамыздың жанға жайлы, денсаулыққа зиянсыз болуы баршамыз үшін пайдалы екені есімізде болуы тиіс, – дейді жалпы-қалалық сенбілік қатысушыларының бірі Алдияр Молдаханов.

Еліміздегі ірі мегаполистің тазалығын қалпына келтіруге бағытталған «Таза Қазақстан» акциялық шарасының да басты көздеген мақсаты осы – қоршаған ортаны қорғау, қаланы таза әрі жайлы ету арқылы халықты экологиялық мәдениетке шақыру әрі оны қалыптастыру.

Кейінгі кезде халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған тазалық шараларының нәтижесі де жаман емес. Өйткені, жұртшылық қоршаған ортаның тазалығы бірінші кезекте адамның денсаулығына әсер ететінін аңғарған соң жаппай қолдау тауып, тіпті өз еркімен сенбілік шарасын аулалары мен көшелерде ұйымдастыруды қолға алғандар да баршылық.

Республикалық экологиялық «Таза Қазақстан» акциясына табиғат жанашырларының да біртіндеп белсенділік танытып, тұрақты негізде қаланың тазалығын қамтамасыз ету бағытында қызмет ететін, ерікті волонтерлік ұйымдардың да көбейе бастағаны байқалады. Ал ең бірінші кезекте болашақ ұрпақтың тазалық шарасына белсене қатыса бастауы ел ертеңінің жарқын әрі мықты боларына сенімді нығайта түседі.

Ұйымдастырушылар шырайлы Шымқалада алдағы уақытта да тазалық акциялары мен сенбіліктердің жоспарлы түрде ұйымдастырылып, қаланың тазаруына, халықтың экологиялық мәдениетін одан әрі жоғарылатуға ықпал ете беретініне сенімді.

• ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» БАЛАЛАРҒА ЕСІГІН АШТЫ

Елімізде Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы республиканың түкпір-түкпірінде жүзеге асырылып жатыр. Бірінші кезекте оқу орындарының тапшылығы апатты мектептер мен үш ауысымды оқыту мәселелерін шешуге бағытталған. Жоба бойынша 2024–2025 оқу жылдары ғана 740 мың оқушыға арналған 369 мектеп салу жоспарланған-ды. Негізгі басымдық қала мектептері мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты мейлінше азайтуға бағытталған. Жоба бойынша барлық заманауи технологиялық жаңалықтар қамтылған мектептердің жартысынан астамы ауылдық жерлерге салынатын болған.



Дегенмен, жыл санап урбандалу арқылы қала халқының көбейе бастауынан «Жайлы мектептермен» қалалы жерлер де кеңінен қамтыла бастаған.

Шымкент шаһарында да «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы кең қарқынмен жүзеге асырылып келеді. Білім ордаларының соңғы үлгідегі талаптарға сай жабдықталуымен қатар оқушыларды білім нәрімен сусындататын педагогтардың да білікті мамандар болуына баса назар аударылған. Сондықтан жоғарыда аталған мектептерге бірінші кезекте кадрлық резервке енгізілген педагогтар қабылданады.

Жаңа форматтағы мектептерде бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін бөлек блоктар қарастырылған. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың кедергісіз жүріп-тұруы үшін де қолайлы мүмкіндіктер жасалады. Ұлттық жоба бойынша салынатын оқу

орындарында кіреберіс, жеделсаты, баспалдақ, оқу сыныбы, жуынатын бөлме сияқты осыған дейін жалпы білім беру ордаларында аса ескерілмей келген мәселелер шешімін таппақ.

Шымкент қалалық білім басқармасындағылардың мәліметінше заманауи мектептерде соңғы үлгідегі техникалық құрал-жабдықтар орнатылып, қауіпсіздік шараларын арттыруға ерекше назар аударылады. Атап айтқанда ЖБО-ға қосылған цифрлық бейнебақылау, дабыл түймесі мен дыбыстық хабарлау, есіктер мен блоктарды автоматты түрде құлыптау, лицензияланған күзет сияқты осыған дейін білім беру ордаларында болып көрмеген технологиялар қолданылады.

Ал ең бастысы «Жайлы мектептегі» ұстаздардың да білім-біліктілігі аса жоғары болмақ. Ол үшін «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасы бойынша директорлар корпусы жасалып, педагогтар базасы әзірленеді.



Яғни, жаңа заманға сай білім ордалары еліміздің жетекші мектептерінің тәжірибесі мен оқу процесін трансформациялаудың жаңа моделін енгізбек. Шымкент қалалық білім басқармасының мәліметінше «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін шаһар аумағында 28 мың балаға шақталған 18 мектеп құрылысын аяқтау жоспарланған. Аталған жоспарға сәйкес өткен жылы мегаполис аумағында 12 мектептің қазығы қағылып, қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары қарқынды түрде жүзеге асырылуда.

«Samruk-Kazyna Construction» акционерлік қоғамының жоспарына сәйкес 24 қазанда Нұршақ, Ынтымақ, Оңтүстік-Шығыс аудандарында орналасқан білім ордаларының құрылысын желтоқсан айының соңында аяқтап, халықтың игілігіне беру жоспарланса, Жаңатұрлан, Ұлағат, Тұран саябағы, Нұршақ (Достық), Ақжар, 276 орам, Тұран 28 орам, Бозарық және Нұртас аудандарында құрылысы жүріп жатқан 9 мектептің, сондай-ақ Таскен шағын ауданындағы 1500 орындық мектептің құрылысын 2025 жылдың алғашқы тоқсанында пайдалануға беру жоспарланыпты.

Басым бөлігінің құрылысы әзірге аяқталмағанымен, мердігер компаниялардың және құрылысқа жетекшілік еткен тапсырыс беруші мемлекеттік органдардың жүйелі әрекетінің арқасында бірқатар мектептердің құрылысы мерзімінен бұрын аяқталып, Қазақстан Республикасының Ұлттық мейрамы – Республика күніне орай есігін айқара ашты.

Алғашқы болып ақ түйенің қарны шырайлы Шымқаланың Нұршақ шағын ауданында жарылды. Шаһар тұрғындарының қуанышын еселеткен алғашқы «Жайлы мектеп» Республика күні ұлттық мейрамы қарсаңында ашылды. Ұлттық пи-

лоттық жоба шеңберінде пайдалануға берілген еңсесі биік, соңғы үлгідегі заманауи технологиялармен жабдықталған білім ордасы 2 мың баланы білім нәрімен сусындатпақ.

Шымкент қалалық білім басқармасындағылардың айтуынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен жаңадан пайдалануға берілген білім ордасында балалардың заманға сай дамуына, түрлі технологияларды меңгеруіне, салауатты өмір салтын ұстануына барынша қолайлы жағдай жасалған.

– Жаңа заманауи жайлы мектепте балалар үшін функционалды және қауіпсіз білім беру ортасы құрылған. Бастауыш және жоғарғы сынып оқушылары үшін бөлек блоктар қарастырылған. Сондай-ақ, мұнда ерекше қажеттілігі бар балалар үшін кедергісіз орта қалыптастырылып, заманауи пәндік кабинеттер, STEM-зертханалар, робототехника сыныптары, хореографиялық зал, төрт спорт залы, тамақтану мәдениеті, дизайн және технология, үй шаруасы мәдениеті кабинеттерімен, коворкинг пен демалыс аймақтары, ойын және спорт алаңқайлары сияқты игіліктер жасақталған. Қауіпсіздік шараларына да баса назар аударылып, цифрлық бейнекамералар мен турникеттер орнатылған, – дейді Шымкент қалалық білім басқармасының баспасөз қызметі.

Нұршақ шағын ауданымен қатар дәл осы күні Шымкент қаласының Оңтүстік-Шығыс шағын ауданында да Республика күні мерекесіне орай «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде тағы бір 1200 орындық білім ордасы қала тұрғындарының игілігіне берілді. Заманға сай салынған мектепте болашақтың тізгінін ұстар ұрпақ үшін барлық қолайлы жағдай жасалған. Тек білім алуға деген ынтасы болса болғаны.

Бетті дайындаған Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• БАҒДАР

Елдегі сот жүйесінің ұстанымы – заң үстемдігі мен әділ төрелік. Бұл ұстанымдарсыз әділетті қоғам, пәрменді заң, демократиялық мемлекетті елестету қиын. Адам құқығын қорғайтын кез келген елдің бағыты осы. Толыққанды тәуелсіз, демократиялы, құқықтық мемлекетке айналудың бірден-бір көрінісі – сот билігі.

ӘДІЛ ТӨРЕЛІК КІЛТІ – АШЫҚТЫҚТА

Сот барлық елде, барлық кезеңде әділет символы болды. Бүгін де өз білгінде. Оған әрине, қарапайым азаматтардың құқықтық сауатының артуы да көп ықпал етті. Тәуелсіздік жылдарынан бері қазақстандық сот жүйесі талай кезеңдерді басынан өткерді. Түрлі қиындықтар мен сот процесіндегі кей келенсіздіктер, заңдардың шалалығы әділетті қоғам құрылысына кедергі келтірді. Бірақ дамушы елдің кез келгені өтіп келе жатқан бұл процестер біртіндеп түзеліп, реттелді. Қазақстандық билік пен заң шығарушы органдар ҚР Конституциясынан бастау алатын, құқықтық жүйені реттеп, азаматтардың мүддесін алға шығаратын барлық заңдарды жаңартып, замана талабына лайықтап, жетілдірді. Үздіксіз даму, құқықтық тұрғыда, техникалық-базалық тұрғыда, заңдық процестер барысында да жетілу, даму, тоқтаусыз алға жылжу процестері жүзеге асты. Мемлекеттің кез келген азаматы өзіне тиесілі құқықтың бәрін түсініп, талдап, азаматтық мүддесін барлық ортада қорғай алатын, әділетті сот төрелігіне жүгіне алатын деңгейге көтерілді. Бұған дейін әділдікке қол жеткізе алмай, соттан, құқық қорғаушы органдардан көңілі қалып келген қарапайым халықтың бүгінгі таңда соттарға деген сенімі артты. Сот жүйесі де

осы тұрғыда ең алдымен қолжетімділік пен ашықтықты ұстанды. Осындай үйлесім салтанат құра бастаған тұста судьялар корпусының біліктілігі де көтерілді. Судьялар бүгінде адам құқықтарының мүлтіксіз сақталуын, әділ төреліктің жүзеге асуын басты назарда ұстанады.

Сот жүйесіндегі әділ төреліктің жүзеге асуына ең алдымен ықпал еткен процестің бірі ақпараттық технологиялардың дендеп енуі мен сот процестерінің цифрландыру форматына көшуі деуге болады. Қазір сотқа талап арызбен жүгінуші кез келген азамат үйінен шықпай-ақ бүкіл процесті бақылай алады. Сағаттап табан тоздырып, сот ғимараттарының есігін қақпайды. Цифрлық жүйе арқылы өзіне қажетті ақпараттың бәріне қолжеткізе алады.

Судьялар корпусына қойылған қатаң іріктеу мен жоғары талаптың да өз нәтижесін бере бастағанын күнделікті іс барысында көріп жүрміз. Судьялардың тәуелсіздігіне қатысты күмән сейілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі «...әділ сот төрелігі және азаматтардың сот билігіне деген сенімін арттыру міндетті шарт болу керек. Судьялардың тәуелсіздігіне қатысты ешкімде күмән болмауға тиіс. Азаматтар, кәсіпкерлер және инвесторлар қазақстандық судьялардың бейтарап

әрі әділ шешім шығаратынына сенімді болуы тиіс. Әділдік сот залында және сот процесінің қорытындысы бойынша ғана орнауы керек, – деген. Президент айтпақшы, кәсіби судьялар корпусы барлық сот реформаларының шешуші факторы. Бұл тұрғыда, судьяға қойылатын талап үдесі жоғары. Демек, бүгінгі таңда осы саланы тандап келген маман мұндай ауыр сынақ, үлкен прак-



тиканың бәрін басынан өткере жүріп қалыптасады.

Сот жүйесіндегі әділ төреліктің тағы бір кілті сот үдерістерінің онтайлануында да жатыр. Қазіргі таңда сот барысында бітімгершілікке жүгіну, медиативті процестерді таңдау ең игілікті жолдың бірі екендігін дәлелдеді.

Сот жүйесін жаңғырту сот актілерін түсіндіруде жатыр. Бұл өз нәтижесін берген тиімді шешімнің бірі болды. Сот шешімдерін түсіндіру процестері халықтың сот шешімдеріне қатысты шағымын азайтты. Әділ төреліктің үстемдік құруына бағытталған мұндай бастамалар сот саласында әлі де жүзеге асырыла береді деген сенім зор.

Э.АСУБАЕВА,
Алақол аудандық сотының
төрағасы,
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

• ФОРУМ

ӘЙЕЛ. ҚОҒАМ. САЯСАТ

Шымкент қаласында «Әйел. Қоғам. Саясат» жобасы аясында ұйымдастырылған форум болды.



Шымкент қалалық ішкі саясат және жастар ісі жөніндегі басқармасының мемлекеттік тапсырыс негізінде ұйымдастырған «Әйел бейнесі – қоғам бейнесі» тақырыбындағы әйелдер форумы нәзік жандылардың қоғам өміріндегі, әсіресе, еліміздің аса маңызды мемлекеттік органдарында қызмет етуі, гендерлік саясаттың жергілікті аймақтарда іс жүзінде жүзеге асырылуы, әйел адамдардың билік басында сатылай өсуі, карьералық жетістікте әйелдердің ерлермен үзенті қағыстыруы жайлы кеңінен ойлар айтылып, өзара пікір алмасылды.

Форумның басты көздеген мақсаты да сол. Қоғамдағы әйелдердің жетекшілік рөлі мен олардың өмірдің түрлі саналуан салаларына қосқан үлесі мен атқарған қызметін терең түсіну әрі бағалау. Нәзік жандылардың қоғамдағы бүгінгі рөлі мен қызметі, мәртебесі мен дәрежесі форум барысында кеңінен талқыға түсті.

Бірінші кезеңде білім алу, кәсіпкерлік, саясат, ғылым мен спорт, мәдениет пен өнер салаларында әйелдердің де

белсенді болуын қолдау арқылы жалпы тұтас қоғамның прогресін қамтамасыз ету және оларға қолдау көрсету форум барысында аса маңызды міндеттердің бірі ретінде аталды.

Форумда «Перзент» балалар үйінің жетекшісі Әмина Әжібаева, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, белгілі қоғам қайраткері, «Игілік» журналының бас редакторы Меруерт Айтенова, Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы, №23 мектеп-лицейінің директоры Жанар Тойлыбаева, сондай-ақ шаһардың бірнеше орта арнаулы және жоғары оқу орындарының 17-23 жас аралығындағы студент жастары қатысты.

Еркін пікірталасы түрінде өткізілген форум отырысында көтерілген әрбір мәселелер қоғамдағы гендерлік саясат, отбасы мен ошақ қасынан бөлек әйел адамдардың мемлекеттік маңызы бар істерде де ерекше білімділігі мен біліктілігін көрсете алатынын дәлелді фактілермен жұртшылық алдында жария етті.

Форум қатысушылары елдегі ген-

дерлік саясаттағы көптің көкейінде жүрген өзекті әрі түйткілді мәселелердің де бар екенін көрсетті. Мәселен, Меруерт Айтенова өзінің өмірлік тәжірибесінен алынған әйел-аналарға қатысты аса маңызды ойларын ортаға салып, қоғамдағы әйелдердің рөлін қайта қарастырудың маңыздылығы мен оның жолдары жайлы пікірін жеткізді. Оның айтуынша, әйелдерге қатысты қатаң стереотип болып қалған қасаң қағидаларды бұзудың және олардың құқықтары мен еркіндіктерін кеңейтудің жолдары жайлы ойларын алға тартты.

Әмина Әжібаева әйел адамдардың кәсіби және жеке өміріндегі табыстары мен жетістіктерін, қоғамдағы орны мен беделін, билік сатысындағы мәртебесін шектейтін өткен ғасырлардан бері қалмай келе жатқан ескірген көзқарастан арылудың маңыздылығы дәл қазір көтерілуі тиіс екенін атап көрсетті.

Сонымен қатар, әйелдердің ішкі әлеуетінің ашылуы, олардың да өз арман-мақсаттарына ұмтылуына шабыттану қажеттігі оған бүгінгі гендерлік саясаттың мүмкіндіктер ұсынып отырғаны жайлы ойларын жеткізді.

Форум барысында сөз алған өзге де тұлғалар әйел адамдардың бүгінгі қоғамдағы орны мен беделінің бір жағынан біртіндеп болса да жоғарылап бара жатқанымен, көнеден келе жатқан кертартпа менталитеттің салдарынан жұмыс өрге баспай жатқанын айтты.

Көпшіліктің ойын сан-саққа бөлген форумның соңы оқырмандар мен қонақтар арасындағы сурақ-жауап сессиясына ұласты. Қалың көпшілік жиын барысында көтерілген аса өзекті мәселелер жөнінде туындаған ойларын ортаға салып, әрі бұл салада тәжірибесі мен білім-біліктілігі мол қонақтарға көкейде жүрген сауалдарын қоюға мүмкіндік алды.

Форум әйелдердің бүгінгі және болашақ бейнесінің жарқын болуы үшін қоғамда әлі де үлкен шаралардың ұйымдастырылуы қажеттігін аңғартты.

Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• ҚЫЗМЕТ

СОТ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ЖҰМЫСЫ ЗАМАНҒА САЙ ЖАҢҒЫРУДА

Тарихымыздың түрлі кезеңдеріне көз жүгіртсек, сот әкімшілігінің барлық мәселелері өз заманының талаптарына сай шешілген. Айта кетейік, 90-жылдардың басында материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз ету Әділет министрлігінің құзырында болды. Кейіннен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты алғаш рет соттарды биліктің атқарушы билігінен бөлу мәселесін көтерді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Жарлығымен жаңа мемлекеттік орган – Сот әкімшілігін құруды бекітті. Бүгінгі күні Сот әкімшілігі – ҚР барлық соттарының қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган.

Соттарды жаңадан жаңғырту олардың дербестігін одан әрі нығайтуға және соттарға деген сенімді арттыруға ықпал етері анық. Аталмыш жүйеде судьялардан бөлек, мемлекеттік қызметшілер де қызмет етеді, оларсыз сот төрелігін жүзеге асыру мүмкін емес, әрине. Өздеріңіз білетіндей, барлық мемлекеттік органдар үшін имидждік бейнелерінің ашық әрі шынайы болғаны маңызды, сондай-ақ, функционалдық хәм мәртебелік мәнге ие. Имидж – халықтың сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның мемлекет жүргізетін басқару қызметі мен реформалардың тиімділігін бағалаудың критерийі болып табылады. Қазіргі таңда сот жүйесінде мемлекеттік қызметші имиджін қалыптастыру үдерісінің өзі Жоғарғы Сот пен Сот әкімшілігінің имидждік саясатымен тығыз байланысты. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін департаментте ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр.

Быыл департаментте Еңбек ұтқырлығы орталығының, аудандық, қалалық әкімшілерінің және Мансап орталықтарының өкілдерімен кездесу өткізіліп, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Одан бөлек, кадрлық саясатты жүзеге асыру және келешегі зор мамандармен толықтыру – біздің органың негізгі бағыттарының бірі. Құжаттармен күнделікті жұмыс, іс жүргізу тәртібін іс жүзінде түсіну, тараптардың өкілдерімен және әріптестермен кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту, сот жүйесінде жұмыс істеу зор тәжірибе береді.

Жалпы юрисдикциядағы сотта үнемі кәсіби және жеке дамуға, ең бастысы, құнды және кәсіби тәжірибе алуға мүмкіндік бар. Сотта заңгер болуға талпынушы құқықтық құжаттардың жобасын жасауды, қолданыстағы құқық нормаларын және заңнаманы анықтау дағдыларын меңгереді.

Кез келген сот қызметкерінде судья болу мүмкіндігі бар. Айта кету керек, судьялардың басым бөлігі бұрынғы сот хатшылары.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанында Сот төрелігі академиясы жұмыс істейді. Магистранттар біліктілік емтиханын тапсырудан, соттарда тағылымдамадан өтуден босатылады және судьяның бос лауазымына орналасуға конкурскә қатысу кезінде басымдыққа ие. Қызметкерлер ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында тұрақты түрде біліктілігін арттыру курстарынан өтеді.

Сондай-ақ, семинарлар, тренингтер және тимбилдингтер – ұжымдағы жағымды микроклиматты сақтайтын құрал болып табылады деп ойлаймын.

Сот әкімшілігі заман ағымына сай кадам басып келеді.

Есеп пен бақылауда, электронды талап арыздарды қабылдауда, SMS хабарламаларды, заманауи бейнебайланыстар мен компьютерлік техниканы қолдануда жаңа инновациялық технологияларға көшу ресурстар мен уақытты үнемдейді, судьялардың, сот хатшылары мен сот мамандарының жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді, ең бастысы – сот төрелігінің тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

Заманауи ақпараттық технологиялар барлық соттарда, сот қызметінің барлық сатыларында құжаттарды қабылдаудан бастап, сот талқылауына, үкім мен атқару парағын беруге дейін



Абзал БАЙЛҒАБАЕВ
Сот әкімшілігінің Павлодар облысы бойынша департаменті басшысы

енгізілген. Сонымен қатар, халыққа ыңғайлы, қарапайым және түсінікті құралдар жетілдіріліп жатыр, олардың көмегімен кез келген ыңғайлы уақытта соттарға оңай хабарласуға болады.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар сот жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыруға көмектесті және тараптар Қазақстан азаматтары болған кезде істерді жедел қарауға мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда қатысушылар мен тараптардан барлық құжаттама бюрократиялық кедергілерді азайту, азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеу мақсатында жасалған бірегей қосымша – «Сот кабинеті» сервисі арқылы қабылданады. Ол арқылы азаматтар Өзіне ыңғайлы уақытта интернет арқылы өтініш, шағым және өтінішхатты электронды түрде жіберуге, мемлекеттік бажды онлайн төлеуге, сот құжатын, істің жай-күйін қарауға, сондай-ақ іс жүргізу мерзімдерін бақылай алады.

Павлодар облысында сот отырысының залдары заман талабына сай жабдықталып, «сот отырыстарын дыбыс-бейне жазу» (АВФ), «бейне-конференциябайланыс» жүйесімен қамтамасыз етілген.

Сот отырысына қатысушылар онлайн форматта қатыса алады.

«ҚР Сот әкімшілігінің Павлодар облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетеді.

Мемлекеттік құзырлы органдар басқа мемлекеттің аумақтарында пайдалануға арналған құжаттарға арнайы мөртаңба қойылатынын баршасы білетін шығар.

Сонымен қатар, департамент сот істері бойынша халықаралық құқықтық көмек көрсету бойынша жұмыстарды жүргізеді. Халықаралық ұйымдардың актілерінде, мемлекетаралық және үкіметаралық шарттарда, ҚР ішкі заңнамасында азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша халықаралық құқықтық көмек көрсету көзделген. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде Конституциямен бекітілген заңға ғана бағынады. Накты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

Судьялар нақты істерді қараумен қатар статистикалық деректермен қамтылмаған басқа да ауқымды жұмыстарды (ақпараттар, анықтамалар, баяндамалар дайындау, сөз сөйлеу, сот аппаратының жұмысын тексеруге қатысу, қорыту, талдау) орындайды. Сот төрелігін жүзеге асырудың жалпы жағдайы және сот институттарының оң имиджі сот аппаратының жүйелі үйлестірілген жұмысы мен қызметкерлерінің кәсіби сауаттылығына, мінез-құлық этикалық нормаларын, мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауымен тікелей байланысты.

• ПІКІР

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағын-да қоғамдық қатынастардың барлық саласын-да қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі.

РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ

Елімізде мемлекеттік тіл біреу ғана, яғни қазақ тілі екенін ескере отырып, оған басымдық беруіміз керек.

Ол үшін заң нормаларын басшылыққа ала отырып, істерді мемлекеттік тілде жүргізіп, бірлі-жарымды мемлекеттік тілді білмейтін іске қатысушылар үшін іс жүргізу тілін өзгертпей, олар үшін аудармашыны қатыстыру қажет деп есептеймін. Сонда ғана іс қазақша жүріп, қазақ тілімен (аудармашы арқылы) орыс немесе басқа тілдер қатарласып қолданылады.

Жалпы әлемдік құндылықтардың бастауы ұлттық және адами құндылықтар екенін ескерсек, ғаламдық даму үдерісінде сөйлеушілердің саны жағынан әлем тілдері ішіндегі алдыңғы 70 тілдің санатына енетін қазақ тілі мен мәдениетінің орны бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

«Ұлттық руханиятымыздың өзегі – ана тілі», – деп айтқан екен Әбіш Кекілбай. Тіл болашағы мемлекет болашағы дейтін болсақ, мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын сот саласында барынша кеңейту әрбір судья мен сот қызметкерінің міндеті және парызы деп түсінуіміз керек.

*Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте...*, – деген дарынды акын Қадыр Мырза-Әлінің ұлағатты сөзі бәрімізге үлгі болсын.

Бағлан БІЛДІРМЕС,
Ақтөбе қаласының мамандандырылған
ауданаралық тергеу сотының
аға сот приставы

• ОҢ КАДАМ

ЭЛЕКТРОНДЫ ІС ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТАН АРЫЛАТТЫ

Электронды іс дегеніміз – әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі электрондық нысанда жүзеге асыру. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама электрондық нысанда жасалған кезде әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша іс жүргізуге қатысушыларға оны «электрондық үкіметтің» веб-порталында және (немесе) уәкілетті органның ақпараттық сервисінде орналастыру туралы хабар беріледі, бұл туралы онда тиісті белгі жасалады.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша электрондық іс жүргізу болып жатқан адамның өтініші бойынша ӘҚБтК-нің 803-бабының 8-бөлігінде көрсетілген тәсілдерден басқа, хаттама көшірмесін деректерді беру желісін пайдалана отырып, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысына жіберуге жол беріледі. Бұл жағдайда орган хаттама көшірмесін беру фактісінің тіркелуін қамтамасыз етеді.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдардың сауалнама-лық деректері ӘБТ-де жеке ба-сын куәландыратын құжат тілінде толтырылады. Сонымен қатар, әкімшілік жауаптылыққа тар-тылған адамдар туралы мәлімет-тер, ӘҚБтК-нің 61-бабына сәйкес әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған сәттен бастап бір жыл ішінде есепте тұрады.

Әкімшілік жауаптылыққа

тартылған кәмелетке толмаған-дар туралы мәліметтер әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы орындалған кезден бастап алты ай ішінде сақталады (ӘҚБтК-нің 72-бабы). Ал, сыбайлас жемқор-лық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар туралы мәліметтер әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап үш жыл ішінде сақталады.

Электрондық форматтағы істердің бір ерекшелігі ақпа-раттық жүйе әкімшілік құқық бұзушылық істің материал-дарын цифрлы түрде сақтайды және жоғары қауіпсіздік деңгейі бар. Сот актілері соттың базасы-на уақытылы енгізіліп отырады, сотқа қатысушы тараптар іс бо-йынша ақпараттармен, құжаттар-

мен электронды түрде таныса ала-ды. Осы жаңалық сот жүйесінің, құқық қорғау органдарының және ел тұрғындарының өзара қарым-қатынасының анықтығын толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөнінде-гі мамандандырылған ауданара-лық сотына жыл басынан бері он төрт мыңнан астам электронды әкімшілік іс түсіп, мәні бойын-ша қаралып, шешім шығарыл-ды. Яғни, енді бұрынғыдай қағаз жүзінде хаттама толтырып, сотқа қағаз жүзінде әкелудің қажет жоқ.

А.УРАШЕВА,
Ақтөбе қаласы әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының әкімшісі

• ПӘРМЕН

Талап қоюшы 2011 жылдан бері мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар есебіне «Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа жетпеген жетім балалар» санаты бойынша кезекке тұрған.

2017 жылы тұрғын үй комиссиясының шешімімен талап қоюшы кезек тізімінен шығарылған. Мұндай шешімнің қабылдануы-на талап қоюшыны асырап алды деген мемлекеттік органның хаты себеп болған.

Сондықтан, талап қоюшы жауапкер мемлекеттік органның тұрғын үй комиссиясының

2017 жылғы хаттамалық шешімінің күшін жою туралы талап арызымен МАӘС-на жү-гінді.

Сотта анықталғандай, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» акционерлік қоғамының мәліметіне сай, Ақтөбе қалалық азаматтық хал-актілерін тіркеу бөлімінде талап қоюшыны асырап алды деген акт жазбасы тіркелмеген.

Соттын сұранысы бойынша, жергілікті соттарда 2012–2023 жылдар аралығында талап қоюшыға қатысты асырап алу туралы

азаматтық іс қаралмағандығы анықталды. Осылайша, жауапкердің талап қоюшы асырап алынды деген уәжі сотта расталмады.

Сотың шешімімен талап қоюшының талап арызы қанағаттандырылып, хаттамалық шешім заңсыз деп танылды және күші жойылды. Сот шешімі заңды күшіне еніп, талап қоюшының кезектілігі қалпына келтірілді.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас маманы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

6. «Тор Deal (Топ Дил)» ЖШС (БСН 221140051342) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 14А үй, тел. 87073416525.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 130740006941) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 150000, СҚО, Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64, 209-каб. Тел. 8 (7152) 36 43 52.

8. «Applestom» ЖШС (БСН 161040021723) өзінің таратылатыны тура-лы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Масанчи көше-сі, 78-үй, 101-кеңсе, тел. 87715070059.

9. «Zhuma & Co» ЖШС, БСН 190440035727 (Қазақстан, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 33 ш/а, 21-үй, 22 т.е.) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 33-шағын ауданы, 19-үй, 150-пәтер. Тел. 8 702 144 31 57.

10. «БайетЭк» ЖШС (БСН 120940002171) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Төңкеріс елді мекені, Әйтеке би көше-сі, 6-үй, тел. 87020215124.

14. «SmartVice» ЖШС (БСН 241040023278) өзінің таратылатыны тура-лы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жартытөбе ауылдық округі, Төңкеріс елді мекені, Әйтеке би көше-сі, 6-үй, тел. 87020215124.

16. «КРЕСТЬЯНСКОЕ ХОЗЯЙСТВО «ЧАЙКА» ЖШС (БСН 050240019402) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар ха-барландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Кустанайская көшесі, 77-үй, 37-кеңсе, тел. 87476185268.

17. «RANKO-1» (РАНКО-1) ЖШС (БСН 050740002238) өзінің тараты-латыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түр-кебаев көшесі, 257А үй, 1-кеңсе, тел. 87077663767.

18. «EZ Wi-Fi» (Изи ВайФай) ЖШС (БСН 191140017156) (Алматы қаласы, Республика Алаңы, 15-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 298-үй, 54-пә-тер, тел. 87017882319.

20. «Перфетти Ван Мелле» жауапкершілігі шектеулі қоғамының Қа-

зақстан Республикасындағы Өкілдігі (БСН 100642016891) өзінің тараты-латыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050009, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, Радостовец көшесінің қиылысы, 1656/72г үй, тел. 87019525846.

21. «Ақ-Нан» ауылдық тұтыну кооперативі (БСН 091040006861) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Табантал ауылы, 131 көшесі.

25. «Келешекторгснаб» ЖШС (БСН 090340011616) өзінің таратыла-тыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020000, Ақмо-ла облысы, Көкшетау қаласы, Горький көшесі, 17а, тел. 87084445501.

26. «НҰРАСЫЛ-2020» ЖШС (БСН 200940037865) өзінің таратыла-тыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қызылқия ауылдық округі, Ынталы ауылы, Ж. Тұрсықұлов көшесі, 30-үй, пошта индексі 160300.

ӘРТҮРШ

2. «BRB ProfStroy» ЖШС (БСН 120640012524) жарғғылық капитал мөлшерінің 30 000 000 тенгеден 10 000 000 теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған сәттен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай об-лысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 115/1-үй, 501-кабинет .

3. Ақтөбе облысы МАЭС 18.10.2024ж. ұйғарымымен «АкТеп» ЖШС-не қатысты (БСН 101040012899) оңалту рәсімін қолдау туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 25-412. Тел. 8-776-124-04-04.

11. «Finance Product» ЖШС (БСН 230740021331) жарғғылық капиталы азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күн-нен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Респуб-ликасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 42-үй, пошта индексі 050022.

12. «СТС» ЖШС ұйымы, БСН 981140001620, жарғғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды (жарғғылық капитал 500 000 (бес жүз мың) теңге) мөлшерінде айқындалсын. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Халиуллин көшесі, 32, 2- кіреберіс, 2-қабат.

13. «Обменный пункт «Иссык» ЖШС жалғыз құрылтайшысының шешімімен БСН 14104008378 (Қазақстан, Алматы облысы, Еңбекшіқа-зақ ауданы, Есік қаласы, Крылов көшесі, 6-үй, пошта индексі 040400) жарғғылық капиталды 50 000 000 теңгеге дейін азайтады. Шағымдар хаба-рландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел.+7 707 334 94 57.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көше-сі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-РV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 8182221266 (жұмыс).
«Назар–1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), ди-ректоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шым-кент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. Е-mail: pazar.reklama@gmail.com
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу–3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл кө-шесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай кө-шесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Пе-тропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Де-партаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос-танай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибоева, Тараз қаласы, Қойкелді кө-шесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қа-зақстан Конституциясы көшесі,28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Теле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp : 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даң-ғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22.
E-mail: kaldybayeva@gmail.ru. Барлық хабарланды-руды What's app бойынша қабылдаймыз.

• БАЙҚАУҒА!

Бараевтың тобы

30 мамыр, 2018 жыл. Ол өзін актамайтынын, айыптау үкімі оқылатынын сезді. Сот кабинетте емес, жұмысқа жаңа тұрған жас полиция қызметкерлерін жинап, үлкен залда өтеді дегенде-ақ бәрін түсінді.

Сот:
– ...Алматы қаласы, Медеу аудандық №2 сотының 2018 жылғы 30 мамырдағы үкімімен ҚК-нің 24-бабы 3, 336-бөлігі, 1, 2, 3-тармағы бойынша 8 жылға бас бостандығынан, «полиция майоры» атағынан және мемлекеттік қызмет ету құқынан өмір бойына айырылсын.

Дәл осы үкіммен Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі оңтүстік өңірлік басқарманың (ЮРУБОП) полиция подполковнигі Алексей Мордвинов та бас бостандығынын айырылды.

Бутканың есігі ашылып, кезекші кісен салғанда көзімен қорғаушы ретінде жүгіріп жүрген інісін іздеді. Інісі Куанышты шақырып алып:

– Үйдегілерге екі жыл, – деп айт. Үкімді естіген Куаныш мең-зең күйде:
– Көке, сегіз жыл деді ғой...
– Екі жыл де, болды, басқа ештеңе айтпа...

...Камераның ауыр есігі жабылғанда артына қарады. Темір есікті сықырлатып құлыптап жатты. Камераның бұрыш-бұрышына қарап тұрып:

– Азамат Кидирсихов! Заң ғылымдарының кандидаты. ТМД елдерінің болашақ заңгерлері окитын бес оқулықтың авторы, отыратын жерің осы ма еді! Басыңды тауға да, тасқа да соққандағы арманың қайда қалды?...

«Антикорға керегі мен емес... Мен емес... Егер антикорға керек болсам бағғыда-ақ ұстар еді. Үстімнен жазылған арыз аз емес.

...Көз алдына Ерік Лизаның арызын оқыған сәті келді. Көзіне құжатты куәландырған нотариус Л. Димашеваның аты оттай басылды.

– Е-е-е-е, Димашева, сенің ісің екен ғой, – деді өз-өзіне. «Димашеваны ұстау оңай емес. Ол аяғын көрсетпейтін жылан».

Арызда көрсетілген телефон нөміріне хабарласып Ерік Лиза мен Ерік Бұланды тергеуге шақырды. Олармен сөйлескенде Лиза:

– Бағанашылдағы үй мен жер немере әпкем Арқын Ұлжандікі. Ұлжан ҚХР-ға оқуға түсті де, кетерінде қарап тұрыңдар деп бізге тапсырып кетті. Біз 2016 жылдың 10 наурызында үйді көріп қайтайық деп барсақ, біреу есік алдына үй сатылады деп телефонның көрсетіп, хабарлама жазып қойыпты. Дерев хабарластық. Телефонды ер адам көтерді. Бұл үйді кім сатып жатыр, бұл біздің үй деп едік, күте тұрыңдар, қазір барамын деп әлгі кісі жетіп келді. Өзін Қасымов Заңғар деп таныстырды. Заңғардан кейін іле-шала тағы бір әйел келді. Үй сол әйелдің атында екен. Қасында көлік жүргізушісі бар. Әйелдің аты – Вешнякова Наталья. Үйді қалай алдыңыз, бұл үйдің иесі қазір Қытайда, оқуда деп едік, сатып алдым деді. Қалай сатып алдыңыз? Қай нотариус арқылы мәміле жасадыңыз деп едік, Димашева Лаура деген нотариус арқылы мәміле жасадым деді. Біз бірден сіздерге, яғни АПБ-ға (РОВД) келіп арыз жаздық. Сіздерден шығып халыққа қызмет көрсету орталығына (ЦОН) бардық. Сол жерден Вешнякова Натальяның Ұлжанның жері мен үйін кімнен сатып алғанын біле алмадық. Бірақ үйді Османов Тельман Байрамович деген адам бір адамға сатқан, сол адамнан Наталья Алексеевна 25 млн теңгеге сатып алған. ЦОН-дағылар Ұлжанның өзі Т.Байрамовичке үйді сатуға сенім хат берген деді. Ұлжанға хабарлассақ «ҚХР-да болдым. Тельман Байрамовичті танымаймын» деді. Т.Байрамовичтің үйді кімге сатқаны белгісіз. Ал Вешнякова үйдің құжатын жоғалтып алып қайта жасатқан, – деген еді.

Ерік Бұланның да жауабы дәл осылай болды.

«Үйдің құжатын нотариус Л. Димашева куәландырыпты. Ол бұрын да бірнеше қылмыстық істе куәгер болған. Сонда Бостандық ауданының ПБ-нің тергеушілері оның нотариалды ісінің заңды екеніне күмәнмен қараған. Бірақ ешқандай дәлел келтіре алмаған. Ол үнемі судан құрғақ шығып кетеді. Басқа аудандық бөлімшелердің тергеушілері де Л. Димашеваның қатысы бар істерді қараған. Тергеу-сот тәжірибесінде нотариустың қылмысқа қатысын дәлелдеу оңай емес. Олар азаматтық-құқықтық қатынастардың заңды элитасы. «Құқықтану ботаниктері». Нотариустарды «жанжалсыз істің соты» деп бекер айтпайды. Қазір тергеуге шақырғаннан ештеңе шықпайды. Сатушы мен сатып алушының құжатын куәландырып бердім дейді. Тельман Байрамович те «Арқын Ұлжан сатуға сенім хат берді, сол сенім хат бойынша саттым» дейді. Оған да еш айып таға ал-

амалсыз арестке қояды. Бұл 2016 жылдың 4 мамыры еді.

ЮРУБОП-пен танысу

А.Әділбеков Азамат Кидирсиховқа қоңырау соғып:

– Азеке, кабинетке келіп кетші, – деді.

– Қазір.

А.Әділбековтің кабинетінде бір кісі отыр екен. «Балықшы балықшыны алыстан таниды» дегендей А. Кидирсихов оның әріптесі екенін бірден білді. – Ассалаумағалейкүм, Азеке! – деп амандасты Әділбеков.

– Уағалайкүмассалам!

– Азеке, танысып қойыңыз, Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі оңтүстік өңірлік басқарманың (ЮРУБОП) жедел қызметкері, подполковник Тарлан Исатаев, – деген А.Әділбеков: – Арқын Ұлжанның ісі сенің қолыңда ма? – деп сұрады.

– Иә.

ҚАРАД НОТАРИУС

(Деректі детектив)



майсың. Ал Вешнякова «пешкі». Қазір Димашеваны шошытуға болмайды. Осы қылмыстық істе ол басты тұлға. Тырп еткізбейтін айғақ табу керек. Әйтпесе қылмыскерден куәгерге айналып кетеді. Қазір ереже бұзсам да үйді арестке қоймайын. Сырттай бақылайын. Вешнякова бұл үйді алаяқтықпен алса, тез сатуға тырысады. Үйді арестке қойсам сата алмайды да, оның артында кім тұрғанын аша алмаймын», – деп ойлағаны есіне түсті.

Бірақ бұл ойы арыз беруші Е.Лиза мен Е.Бұланға да, ПБ бастығына да, ҚР ПМ-де ұнамады. Ал Вешнякова осы аралықта, яғни 2016 жылдың 2 наурызында үйді Гүлмира Құрабаева деген азаматшаға 70 000 АҚШ долларына сатып жіберді. Үйді сатып алған бойда «Бұл үйдің иесі Арқын Ұлжан» деп Лиза мен Бұлан деген азамат арызданып жүр дегенді естіп Құрабаева деген азаматқа 76 000 АҚШ долларына сатады. Бір күнде нотариус Динара Изатова Вешнякова мен Құрабаева арасындағы келісімшартты бұзып, келісім бойынша үйдің иесі қайта Вешнякова болады да, Вешнякова мен Тұяқбаев арасында сату, сатып алу келісімшартын жасайды. Осылайша үйді тез сатып жіберуге асыққан Вешнякова күдікке ілінеді. Енді Вешнякова арқылы бұл істің нағыз ұйымдастырушысын табу керек! Үй қолдан-қолға өтіп бара жатқан соң,

Сол кезде сөзге Тарлан Исатаев араласып:

– Сол іске Бараев Аюб деген адамның қатысы бар. Бараев Аюб Князоглы ПМ-нің арнайы жедел есебінде қылмыстық ортаның көшбасшысы ретінде тұр. Бізге Бараев Аюбты ұстау керек, – деді.

– Онда бізді Құдай өзі кездестірген шығар... Алтекеңнің жұмысына кедергі келтірмей, менің кабинетіме барып сөйлессерміз, – деді Азамат Кидирсихов.

– Жақсы, Азеке, өздерің сөйлесе беріндер, – деді А.Әділбеков те.

– Жақсы, Алтеке.

– Тарлан, бұл мықты тергеуші, – деп шығарып салды А.Әділбеков.

Екеуі бесінші қабаттағы кабинетке келгеннен кейін А.Кидирсихов:

– Бұл іске ЮРУБОП-тың араласқанына қуаныштымын. Енді тергеу барысында анықтай алмаған мәселелер ашылатын болды.

– Иә, Бараевтың тобы Алматы қаласындағы және қалаға іргелес элиталық аудандардағы шетелге кеткен адамдардың үйлерін, жер телімдерін сатып келген. Соның бірі қолыңдағы – Арқын Ұлжанның ісі.

– Иә, бірі сатушы, бірі сатып алушы болып, қылмыстарын жасыру үшін нотариуске жылжымайтын мүлікті иеліктен шығартып, үйдің иесі болып шыға келеді. Мәміле жасау арқылы қылмыстық жолмен сатып алғанын «ақтап» алады. Содан кейін Алматы қаласының жер қатынастары басқармасы мен техникалық түгендеу бюросы

(БТИ) арқылы жылжымайтын мүлікке жаңа техпаспорт пен жер учаскесіне акт алып сатады.

– Бірақ Бараев өте сак. Қылмыстың бәрін сыбайластарының қолымен істейді.

– Бараевты «құлаққа» қою керек. Нотариус Л. Димашевадан да күдіктенемін. Осы іске оның да қатысы бар.

– Қоямыз. Димашеваны да, Бараевты да, Вишнякованы да тыңдаймыз. Бұл – жасырын тергеу іс-шарасы. Мәлімет тарап кетпеу үшін ешкімге айтпаймыз, тіпті басшылыққа да, – деді Тарлан Исатаев.

– Жақсы.

Тарлан Исатаевтан Бараев туралы ақпарат білгеннен кейін А. Кидирсихов Ерік Лиза мен Ерік Бұланды қайта шақырып, Бараевтың суретін көрсетіп:

– Мына кісіні білесіңдер ме? – деп сұрады. Лиза бірден:

– Бұл Вешнякованың көлік жүргізушісі. Екеуі бірге келген! – деді.

– Ым-ым...

Ерік Лиза мен Ерік Бұланды шығарып салғаннан кейін:

– Ұйымдастырушы табылды, – деді өз-өзіне.

Л.Димашева, А.Бараев, Н.Вишнякованың телефонын тыңдап, қылмыстық іс-әрекетін құжат бойынша көрсету үшін соңынан бақылау қойды. Сол кезде тағы бір қылмыстық іс анықталады. Ол Грушиннің үйі туралы іс.

Грушиннің үйі

Алматы қаласы. Бостандық аудандық ПБ, полиция майоры Азамат Кидирсиховтың бөлмесі.

– Тергеу барысын видеоға түсіретінін, сіздің жауап беруге де, жауап бермеуге де толық қақыңыз барын еске саламын. Аты-жөніңізді толық айтыңыз.

– Хасанов Хосрау.
– Бараев Аюбты танысыз ба?
– Танимын, 12 декабрьде тұрғанда інісі Серофанмен жақсы араластым.
– Жетіген көшесі, 8/1 мекенжайындағы үйін сату үшін Грушин сізге сенім хат берді ме?

– Жоқ. Ол былай болды. 2016 жылы Lada Granta 346 КҰА көлігіммен келе жатқанда радиаторым жарылып, не істерімді білмей көшеде темекі тартып тұрғанмын. Қасыма жасы 18 шамасындағы бір жігіт келіп, көмек керек пе деп сұрады. Иә, радиаторым жарылып кетті дедім. Ол сол жерде радиаторды жөндеп берді. Риза болып, қайда тұрасың, апарып тастайын дедім. Майлин көшесінде тұрамын деді. Жолда екеуіміз жакын таныстық. Аты Коля екен. Үйінің нақты мекенжайы Жетіген көшесі, 8/1 үй. Көліктен түсіп мына үйде тұрамын деп тұратын үйін көрсетті де, өзі қарама-қарсы тұрған көршісінің үйіне қарай кетті. Мен оған көмек керек болса хабарлас дедім де кетіп қалдым.

Сол күні кешке ол маған қонаққа келді. Анасы қайтыс болған екен. Қарындасын балалар үйіне алып кетіпті, өзі көршісінің үйінде тұрып жүр екен. Мен Коляны аяп кеттім де, біздің үйде тұра бер дедім, анам да қарсы болмады. Ол көршісіне бізбен бірге тұратынын ескертіп келді. Содан бастап бірге тұра бастадық. Бірнеше күннен кейін Коля екеуіміз ақша тайбық деп Серофанның көлік жуатын жеріне бардық. Серофанның ағасы Аюб та жүр екен. Аюб Колядан кімсің, қайда тұрасың, кіммен тұрасың деп сұрай бастады. Коля бәрін айтып берді. Аюб ол үйдің иесі кім, қазір қайда деп сұрады. Коля үйдің иесі 8 жыл бұрын із-түссіз жоғалып кеткенін айтты. Үй иесінің аты-жөнін білесің бе? – деп сұрады. Коля білетінін айтты. Екеуі бір-бірінің телефонын алды. Кел-

ген машиналарды жуып болып, Коля екеуіміз жұмысымызбен кеттік. Арада екі апта өткенде Аюб звондап, Колядан үйдің иесінің аты-жөнін қайта сұрады. Коля Грушин Виктор деп айтты.

– Сіздің атыңызға сенім хат қалай жасалғанын білесіз бе?

– Қалай жасалғанын білмеймін. Бірақ Бараев Аюб сенім хат жасаймын деп төлқұжатымды алды. Бірақ қандай сенім хат жасайтынын айтқан жоқ. Сенім хат жасату қылмыс емес, сондықтан Бараев Аюбқа сеніп төлқұжатымды бердім.

Хасанов Хосрау – Бараевты лидер санаиды, соған еліктейді. Бараев сияқты «мықты» болғысы келеді әрі Бараевтан қорқады. Сол себепті Хасанов Хосрау жауап бергеннен кейін телефонын өшіріп, із-түссіз жоғалып кетті. Азамат Кидирсихов жауап алғаннан кейін, баласының немен айналысатынын білсе де, балам жоғалып кетті деп анасы ПД, Бас прокуратураға арыз жазды. Осылайша олар Азамат Кидирсиховты істен шеттеткісі келді.

А.Кидирсихов Грушиннің із-түзсіз жоғалып кетпегенін, қаңғыбастарға еріп кеткенін естіді, бірақ таба алмады. Ол жедел уәкілге:

– Грушин қаңғыбастарға еріп кетіпті, қалайда табу керек, – деді. Жедел уәкіл:

– Азеке, іздеп жатырмыз. Бірақ әлі табылмады.

Азамат Кидирсихов жедел уәкілдің Грушинді іздемейтінін біледі.

– Маған да мәліметтер түсіп жатыр. Түрксiб ауданындағы базар маңында қайыр сұрап жүр дегенді естіп отырмын, – деді.

Грушин табылмағаннан кейін қылмыстық іс кезінде із-түзсіз жоғалып кетті, ҚК-нің 99-бабы, 1-тармағы бойынша өлтіріп кетуі мүмкін деп қылмыстық іс қозғады. Адам өлімі болған жерде оны қалайда іздеу керек, әйтпесе ПМ қылмыс қашан ашылады деп ізіннен калмайды. Бұндай кезде қылмысты ашасың немесе із-түзсіз жоғалып кеткен адамның мүрдесін табасың. Жедел уәкіл де Грушинді ешкім өлтіріп кетпегенін біледі. Сондықтан іздеуге кірісті.

– Азеке, Грушинді іздеп табамыз. Есептен алып тастаңыз, – деді.

Бір күні Азамат Кидирсиховқа жедел уәкіл қоңырау соғып:

– Азеке, Грушинді таптық. Қашан келесіз? – деді.

– Қазір барамын.

Учаскелік полиция Грушинді мас болып жатқан жерінен аркалап алып келіп, А.Кидирсиховтың кабинетінің алдына жатқызып қойып, өзі күтіп тұр екен.

Жедел уәкілдің артын ала бастығы Ибрашев звондап:

– Азеке, блиинннн, ананың көзін құрт. Іісі бүкіл ғимаратты алып кетті! Дәліз сасып жатыр! – деп айғайлады.

Келсе шынымен Грушин есігінің алдында шалжымып жатыр. Әрі-бері өткендер мұрнын басып:

– Азеке, саған келген бе? – деп сұрап жатты.

Грушин тәлтіректеп әрең тұрса да кабинетіне кіргізді. Ес жисын деп жібере салса, қайта таба алмасы анық. Іісі бүкіл ғимаратты алып кетсе де, ес жиғаннан кейін жауап алды.

– 2016 жылдың 13 наурызында Ресей Федерациясында болдыңыз ба?

– Жоқ. Ол кезде Алматыда болдым.

– Алматы қаласы, Жетіген көшесі, 8/1 мекенжайындағы үйді сату үшін Хасанов Хосрауға сенім хат бердіңіз бе? – Жоқ.

Бұл құжатты да нотариус Л.Димашева куәландырады. Л.Димашеваға үй иесі Грушиннің қазір Ресейдің Екатеринбург қаласында жүруіне байланысты Алматы қаласы, Жетіген көшесі, 8/1 мекенжайындағы үйін иесі ретінде сату үшін Хасанов Хосрауға берген сенім хатын береді. Сенім хатты Екатеринбург қаласының нотариусы Королева Наталья Витальевна куәландырған.

Әдина ӘБДІБАЙҚЫЗЫ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев **облысы** 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова **облысы** 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев **облысы** 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл **облысы** 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан **облысы** 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов **облысы** 8 707 721 19 59.
Шадиір Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов **облысы** 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5071 дана
Апталық таралым 10 142 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31